



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №49 (9447) 10 желтоқсан 2021 ж.

## КӨК ТУЫМЫЗ БЕЙБІТ АСПАН АСТЫНДА ЖЕЛБІРЕЙ БЕРСІН!



елімізбен бірге сарқандықтар да елімізбен бірге өркендеп, еңсе көтеріп келеді. Ел дамуы жолындағы игілікті істерде баршаңыздың еселі еңбектеріңіз бар екені анық. Қолымыз жеткен жетістіктердің бәрі азаттық пен еркіндіктің арқасында, мемлекетіміздің қолдауына сүйене отырып, бірігіп атқарған жұмыстардың нәтижесі деп білеміз. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні құтты болсын! Мемлекетіміздің Көкбайрағы бейбіт аспан астында желбірей берсін!

### Аудан әкімі Талғат Қайнарбековтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерекелік құттықтауы

Құрметті қауым! Сіздерді ата-бабаларымыздың засырлар бойғы аңсары, халқымыздың арманының асқары, бақытының бастауы болған ұлық мерекеміз – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл еліміздің еңсе көтеріп, Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толып отыр. Бұл күн — мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке.

1991 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тәуелсіздігімізді жария етіп, мәңгілік ел болудың бірегей қадамын жасадық. Ата-бабаларымыздың арманы ақиқатқа айналып, азаттыққа қол жеткіздік.

Тұғыры – тыныштық, тірегі – тұрақтылық, тілегі – татулыққа негізделген Қазақ елін бүгінде әлем бейбітшілік бесігі деп мойындайды.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына біздің өңірдің тұрғындары да өз үлестерін қосып, бүкіл

### Депутаттар алдында есеп берді

Желтоқсанның 3-інде онлайн трансляция арқылы өткен аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында аудан әкімі Талғат Қайнарбеков депутаттар алдында есеп берді.

- Сарқан ауданының әлеуметтік-экономикалық даму бағыты бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды айта кететін болсақ, ауданымыздың дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша 10 айлық есепті мерзімде оң өзгеріс байқалады,- деп Талғат Қанатұлы ағымдағы жылы өнеркәсіпте 7 млрд. 214,1 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, бытырғы жылмен салыстырғанда 111,1 пайыз құрағанын атап өтті.

Аграрлық секторда 49 млрд. 326,8 млн.теңгенің өнімі өндіріліп, бытырғы жылмен салыстырғанда 118,8% құрады. Жылдық жоспардан 1 млрд. 915 млн. теңгеге асты. Негізгі капиталға 7 млрд. 622 млн. теңге инвестиция тартылды, 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 100,4 пайызды құрап отыр. Жыл басынан 5 млрд. 410,7 млн. теңгеге құрылыс жұмыстары орындалды, сәйкес кезеңге 98 пайызды құрап отыр. Сонымен қатар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. 2021 жылы Черкасск а/о Қарғалы ауылында «AZIA GOLD» ЖШС дәрілік шөп өндіру кәсіпорны; 2021-2024 жж. Амангелді а/о «BASKAN RIV» ЖШС 50 000 саулық басқа арналған қой шаруашылығы кешені; 2022 жылы «Душкин» ШҚ элиталық тұқым өсіретін кәсіпорнын; 2022 жылы Қойлық ауылдық округінің шалғайдағы мал учаскесінде «Арлан» ШҚ мал бордақылау алаңын пайдалануға беретін болады. 2021 жылы жоғарыда көрсетілген жобалар іске асқанда 32 млрд. 400 млн. теңге инвестиция тартылады және 170 жаңа жұмыс орындары ашылады.

Шағын кәсіпкерлікте өндірілген өнімнің көлемі 20 млрд. теңгені құрайды. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Сарқан қаласында 5 қабатты 50 пәтерден тұратын тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары аяқталады. Аудан бойынша су жүйесінің ұзындығы – 320 шақырым. Халықты орталық ауыз сумен қамтамасыз ету 98,7 пайызды құрайды. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 998 шақырымды құрайды. Сарқан ауданының жергілікті аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық деңгейі 62 пайызға жетеді. (Бұл көрсеткіш 2020 жылы 58 пайызды құраған). Сарқан қаласының арық желілерінің ұзындығы 190 км құрайды, олардың барлығы бейімделген жер арықтары. 2021 жылы төрт орталық көшелерінің арық жүйесінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп стадионын орналастыру жұмыстары аяқталуда.

Сарқан қаласында орналасқан «Жастар» саябағына жөндеу жұмыстары жүргізілуде, «Қойтас» саябағына жаяу жүргінші жолын орналастыру және Тынышбаев көшелерінің жаяу жүргінші жолын жайғастыру жұмыстары аяқталды. Ағымдағы жылдың соңына дейін аудан орталығында 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға арналған күндізгі оңалту орталығын ашу жоспарлануда. Аудан бойынша 30 мектепте 7458 оқушы білім алып, 1102 мұғалім еңбек етеді. 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі қамту деңгейі 100% құрайды. Барлық мектептер интернет желісімен толық қамтамасыз етілген. Сарқан аудандық ауруханасына қарасты перзентхана және хирургия бөлімшесінің ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, емхана жасау үшін, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ауданда 24 мәдениет нысаны қызмет етеді. 30 шағын және орта футбол алаңдары, 44 спорттық алаңдар, 31 спорттық залдар бар. 387 спорттық секцияларда 11660 адам қатысуда. Жалпы биылғы жылы аудан бойынша жаңа 1452 жұмыс орындары ашылды.

Жоғарыда баяндалғандай алдымызға қойылып отырған міндеттер жылдан-жылға артып келеді. Сондықтан еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолында халықтың және сіздер мен біздердің істеп жатқан шаруамыздың барлығы мемлекетіміздің нығаюы, тәуелсіздіктің мықтылығы, халықтың әл-ауқатының артуы үшін жасалуда.

Жарыссөзге шыққан аудандық мәслихаттың депутаттары Жомарт Игіман, Оксана Ракитянская, Дәулет Икрамов атқарылған жұмыстарды оң бағалап, депутаттар корпусы әкім есебін қуаттады. Талғат Қанатұлы сессия барысында депутаттар тарапынан түскен сұрақтарға жауап берді.

Өз тілшіміз.

### Тәуелсіздік тағылымы

Көп ұзамай ең қасиетті құндылығымыз – ел тәуелсіздігінің торқалы тойын атап өтеміз. Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақстан үшін ол – үлкен белес, асқаралы асу.

Мұндайға тек рухы күшті, бірлігі бекем жұрт қана қол жеткізе алады.

Арғыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрды. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан айқастарда үдер көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының ата қонысын, қара шаңырағын сақтап қалды.

Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көңілін, таза тілін, әсем әні мен қоңыр күйін, мәйекті мәдениеті мен бай әдебиетін қоса сақтап, ұрпағына аманаттай білді. Тамырын да, тарихын да, күш-қуатын да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері татулық пен келісімде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл осындай елдің ұлы мен қызы болу – әр қазақстандықтың маңдайына жазылған шексіз бақыт.

Адамзат тарихындағы ең айтулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында елімізді басқару маған үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілік жүктеді. Мен өзім басшылық еткен отыз жылға жуық уақыт бойына туған халқымның сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді аянбай жұмсадым.

Ерлік пен елдікті ту еткен, жасампаздықты жалау еткен халқымыздың дербес мемлекет құрғанының отыз жылдық торқалы тойы қарсаңында тәуелсіздіктен тағылым алу үшін бүгін туған халқыммен ой бөлісуді жөн көрдім.

Тәуелсіздіктің мән-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ бір нәрсе ақиқат, ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы. Тәуелсіздікке барар қиын жолдардағы сансыз көп шайқастар мен көтерілістерде қаншама қаһарман бабалары-

### Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласы



мыз шейіт болды. Оларды еске алу, құрметтеу – біздің парызымыз. Сондықтан біз жаңа заманда қантөгіске жол бермей, қасиетті киеміз – тәуелсіздікке сабыр мен төзімділік, ақыл мен парасат арқылы қол жеткіздік.

Мен миллиондаған адамды қанға бөктіріп, қисапсыз мол қиындықтардан тұратын ХХ ғасырдың ортасында дүниеге келдім. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтар қатыспаса да, патшаның 1916 жылғы маусымдағы жарлығымен тыл жұмысы үшін әскерге шақырылды. Отаршыл өкіметтің өктемдігі мен зұлымдығы халықты ашыңдырып, төзімін тауысты. Сол кездегі Жетісу өлкесінің Қарқара, Қастек, Самсы өңірінде болған ұлт-азаттық көтерілістерге менің ата-бабаларым да қатысты. Бұдан кейінгі қазақ даласын қанға бөктірген Азамат соғысы да халқымызға қисапсыз мол қасірет әкелді. Ашаршылықтың екі бірдей толқыны – 1921-22 жыл мен 1930-32 жылдардағы сұрқия саясат салдарынан орнаған зұлмат кезінде қазақтың тең жартысы қырылды. Ел есін енді жинай бастаған отызыншы жылдар соңында сталиндік қанды репрессия ұлтымыздың сүт бетіне шығар қаймақтарын жалмап кетті, сонымен бірге қатардағы қарапайым азаматтар да қанды қасаптан аман қалмады.

Өрине, мен бұл оқиғалардың бәрін көзімнен көрмесем де, әкем мен анамның өзегін мұң мен зар ертеп, жанарым жасқа шылап отырып айтқан сөздерінен, азаттық жолында шейіт болған аруақтарға арнап, күбірлеп оқыған дұғаларынан естіп-біліп, көкірегіме түйіп өстім. Кейде ойлаймын: қазақ деген не де-

ген төзімді халық?! Көнбеске көніп, шыдамасқа шыдаған. Болашағы бұлдыр болған күннің өзінде сағын сындырмай, келешектен үмітін үзбеген. Қиындық атаулыға қасқая қарсы тұрып, үздіксіз алға жылжыған. Адамзат тарихына ең қанды қырғын ретінде енген екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, бала болсам да, әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Сәби кезімді еске алғанда әр үйден майданға аттанған ағаларым, ер-азаматының орнын жоқтатпай, «Бәрі де жеңіс үшін» деп бел шешпей еңбек еткен аналарым мен жеңгелерім, қаршадай күнінен өгізге желілген соқамен жер жырттып, масақ теріп, еңбекпен көзін ашқан қатарластарым еске түседі. Менің еңбек тақырыбына жиі оралатынымның бір сыры да балалығын соғыс ұрпағын сол ауыр күндерден қалған естелікте болса керек.

Адамды қандай қиындықтан да аман алып шығатын күдірет еңбек екенін мен сәби кезімнен-ақ сезіндім. Кейінгі жастарға үнемі «Еңбек ет, отбасыңды асыра, еліңе қызмет қыл: өзің де табысты болып, Отаныңның да қуаты артады» дейтінім сондықтан. Соғыстан соңғы кезеңдегі тың игеру, металл қорыту, болат балқыту – халық шаруашылығын қалпына келтірудің дәл ортасында жүрдік. Социализмнің артықшылығын да, кемшілігін де көрдік. Бір сөзбен айтқанда, Кеңес Одағы құрамында болған жетпіс жылдықтың нәтижесі біздің елдің пайдасына шешілген жоқ.

(Жалғасы 2- бетте).



(Басы 1-бетте).

# Тәуелсіздік тағылымы

XX ғасыр басында алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхамдүллә, алты миллион халықпыз» деген екен. Патшалық Ресейдегі 1913 жылғы ресми санақ бойынша, Дала өлкесінде, Түркістан өлкесіндегі қазақтарды қоспағанда, 5 миллион 597 мың халық тұрған. Демек, Ахаңның айтып отырғаны – күмән келтірмейтін ақиқат. Ал арада жарты ғасырдай уақыт өткенде КСРО-да 1959 жылы өткізілген санақта Қазақстандағы қазақтардың саны 2 миллион 787 мыңға дейін кеміп, республика халқының небәрі 30 пайызын ғана құраған.

Мен 1989 жылы республикамыздың бірінші басшысы болып сайландым. Дәл сол жылы өткізілген КСРО-ның ең соңғы халық санағының деректері бойынша, Қазақстандағы қазақтардың үлес салмағы небәрі 40,1% ғана еді. Азат еліміздік жастары тәуелсіздікке барар жолдың қандай азалты болғанын, қандай құрбандықтар мен сынақтар – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы, ашаршылықтың алапат екі толқыны, қуғын-сүргін мен репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы жаппай қоныс аударудың зардабы арқылы жеткенімізді білуі керек. Мұның өзі өткен тарихты қастерлеп, одан сабақ алу үшін қажет. Менің «Тәуелсіздік – бабалар қанымен келген киелі құндылық» дейтінім осыдан.

Мен отыз жыл бойы халқымды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, қайраңға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдығы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын. Біз, Абай ағамыз айтқандай, «қақырын жүріп, анық бастық». Соның арқасында көп салалар мен бағыттар бойынша өзгелерден озып кеттік. Енді осының мән-жайына тереңірек тоқталып, бұрын көп айтыла бермейтін кейбір деректі халықтың назарына ұсынғым келеді. Кеңес Одағы сынды алып империя өткен ғасырдың 70-жылдары тарихшылар қауымы «тоқырау» деп айдар таққан күрделі кезеңге аяқ басты. Тек жоғары билік бекіткен жоспар мен қосып жазуға негізделген кеңестік экономика, жалаң ой, жадағай пікірлі коммунистік идеология қоғам дамуын тығырыққа тіреді. Тоқырау кезінде ел экономикасында орын алған мүшкіл халді Қарағанды облыстық партия комитетінде басшылық қызмет атқарған 70-жылдардың соңында айқын аңғарға бастадым. Ал мен Қазақ КСР Үкіметінің басшылығына тағайындалған 80-жылдары жағдай тіпті асқынып тұрған болатын. М.С.Горбачевтың «қайта құруы» тоқырауға белшесінен батқан қоғамға серпіліс әкеле алмады, керісінше көпсөзділікке, жаппай жарнамалық ұрандарға жол берілді. Экономикалық базис жасалмай, асығыс басталған «бетбұрыс» жылдар бойы қордаланған проблемаларды одан әрі өршітіп, шарықтау шегіне жеткізді.

КСРО-да болған алғашқы демократиялық сайлаудың нәтижесінде іріктелген халық депутаттарының І съезі 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өтті. Бұл кезде мен Республика Министрлер Кеңесі төрағасы болатынмын. Алып одақ экономикасында орын алған мүшкіл жағдайды ашық айтуға тура келді. Кремльдің Съездер сарайының трибунасынан мамырда сөйлеген сөзімді қаз-қалпында келтіретін болсақ, онда былай деген екен: «...Қызметтік міндетім бойынша практикалық экономика мәселелерімен айналысып жүрген менің айтарым: біз бүгінде ел экономикасындағы шынайы жағдайды нақты білмейміз. Өздеріңіз ойлап көріңіздер: КСРО Мемлекеттік статистика комитеті деректері бойынша, елдегі азық-түлік өндірісі артқан, бірақ сөрелер бос. Жоспарлар орындалуда, ал экономика ахуалы нашарлап барады. Неге? Мұндай «негелер» тым көбейіп кетті. Түптің түбінде экономикадағы дағдарыстың қаншалықты тереңдеп кеткенін анықтап, оны еңсерудің айқын жолын табуымыз керек-ақ. Он екінші бесжылдық жоспары тоқыраудың ең тозған дәстүрлері негізінде жасалды».

Әрине, екі күннің бірінде «қайта құру», «бетбұрыс», тіпті «жеделдету» деп ұрандатып жатқан М.Горбачевқа «он екінші бесжылдық тоқыраудың ең нашар дәстүрі негізінде жасалды» деген сөз ұнай қойған жоқ. Тіпті, регламентпен шектегісі келгендей сыңай танытты. Бірақ залдың дүркірете қол соққаны оның мені тоқтатуына мүмкіндік бермеді. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, енді тартынып қалуға болмайтынын сезгендіктен, Қазақстанда қалыптасқан ауыр жағдайды да айтуға тура келді: «Ведомстволық өтеміздік әлемдік нарықта зор сұранысқа ие шикізат ресурсына бай республикамыздың өз әлеуметтік дамуында ауыр халге түсуіне, экологиялық дағдарыс шегіне келіп тірелуіне әкеп соқтырды. Ыдыс-аяқ дүкеніне кіріп кеткен пілдің кебін киген министрліктер Аралдың түбіне жетіп тынды. Екібастұз даланы күлге бекітуде. Мұнай өндіріп жатқандарға оның түк қайыры болмай тұр. Түрлі полигон үшін малшылар өрістерінен

айырылды, ал оның өтемі туралы мүлде сөз жоқ». Сөзімді аяқтап, залға қарасам, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің өңі сұп-сұр болып кеткен екен. Бірақ ел мүддесі, халық тағдыры талқыға түскен мұндай сәттерде аянып қалуға болмайтын еді.

Одақтың кетеуі кетіп, іргесі сөгіле бастаған кейінгі екі жыл ішінде қалыптасқан нақты жағдай тіпті ұшығып кетті. Кейін зерттеушілер «егемендік шеруі» деп айдар таққан үдеріске 1989 жылы алдымен Балтық елдері кірісіп, Кавказ елдерінде жалғасты да, артынан бүкіл Кеңес Одағын қамтыды. 1990 жылдың аяғына дейін Одақ құрамындағы 15 республика түгелдей өз егемендігін жариялап үлгергенімен, Эстония, Литва және Латвия елдерінен басқа 12 республика әлі Одақ құрамында болатын. М.С.Горбачев қаншалықты жантала-са қимылдап, Одақты сақтап қалуға әрекет еткенімен, КСРО-ның одан әрі ыдырауын тоқтату мүмкін емес еді. Келесі 1991 жылдың 18-21 тамызында әйгілі «тамыз бүлігі» болды. Бұл Кеңес Одағы басшылығының дәрменсіздігін күллі әлемге танытты. Соның нәтижесінде 1991 жылдың тамыз-желтоқсан айларында қалған республикалар түгелдей өз тәуелсіздігін жария етті. Саясаттың қызуы көтеріліп, Горбачев пен Ельциннің текетіресі шегіне жетіп, бір кездері темірдей тәртіпке негізделген орталықтағы басшылықтан бекерге кеткен сол тұста Қазақстан тарапынан жіберілген жалғыз қателіктің өзі орны толмас трагедияға әкеп соқтыруы әбден мүмкін еді. Біз ашуды ақылға, асығыстықты сабырға жеңдіріп, үнемі әліптің артын бағып, ағысын аңдудың болды. Маған батылдық қимылдау үшін бүкілхалықтық мандат керек еді. Осылайша, 1991 жылдың 1 желтоқсанында ел тарихындағы тұңғыш Президенттік сайлау өткізіліп, онда халықтың 98%-дан астамы қолдау білдірді. Бұл маған қанат бітіріп, өркін қимылдауыма жол ашты. Сайлаудан 2 күн өткенде – 3 желтоқсанда Алматыға М.Хорфф бастаған Еуропа Парламентінің үлкен делегациясы келіп, Қазақстанның жаңадан сайланған Президенті ретінде мені ресми сапармен Брюссельге келуге шақырды. Бұл да бізге үлкен дем-меу, халықаралық деңгейдегі қолдау болды.

Біз тәуелсіздікті жариялауға дайындықтың соңғы, шешуші кезеңіне де келіп жеттік. 8 желтоқсанда Б.Н.Ельцин, Л.М.Кравчук және С.С.Шушкевичтің қатысуымен Белоруссияның Беловежьесінде өткен кездесуде Кеңес Одағының «халықаралық құқық пен геосаяси жағдай субъектісі» ретінде өмір сүруін тоқтатқаны туралы мәлімдеме жарияланды. Мен Ельцинмен, Кравчукпен, Шушкевичпен жүздесу үшін шұғыл түрде Мәскеуге ұштым, мұндай кездесу күні бұрын жоспарланған еді, бірақ шақырылған үшеуі де келмей қалып, кездесу болмай қалды. Бұдан кейін кеңес және шетелдік баспасөз өкілдерімен Мәскеуде өткізілген баспасөз мәслихатында: «КСРО құрамына енген барлық республикалардың тәуелсіздігін мойындап, олардың тез арада Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуына көмектесу керек», – деген пікірді ортаға салдым. Желтоқсанның 12-13 жұлдызында Ашхабадта Орталық Азия республикаларының басшыларымен бас қосып, жағдайды саралай келіп, біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына тең құқылы мүше болуға әзір екендігіміз жөнінде ортақ мәлімдеме жасадық. Ертенінде көптен күткен күн туып, Жоғарғы Кеңестің 1991 жылғы 14 желтоқсанында өткен 12-шақырылған 7-сессиясының талқылауына «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң шығарылды. Еліміздің жетекші заңгерлерінің қатысуымен алдын ала сараланып, сараптамадан өткізіліп, қапысыз даярланған сап бірден-ақ мақұлданауға тиіс болатын. Оның үстіне, өзге республикалар мұндай заңдарын әлдеқашан қабылдап қойған. Бірақ жағдай біз күткеннен басқашалау болып шықты. Жоғарғы Кеңес залында вице-президент Е.М.Асанбаев қатысып отырғанымен, мен талқылауды кабинетімдегі байланыс арқылы жіті бақылап отырдым. Әлі есімде, күн тәртібі жария етілісімен-ақ бір депутат: «Біз кімнен және неден тәуелсіздік алғалы отырмыз?! Өзіміз 70 жыл бойы сөгіп келе жатқан ресей империясы үлгісімен енді қазақ империясын құруға ұмтылып жатқан жоқпыз ба осы?», – деп арандатушылық пығылдағы сұрағын бастап кетті. Көп ұзамай тағы бір депутат оны қостай түсіп: «Біз тәуелсіз мемлекет жариялау мәселесін талқылаудамыз. Ертен таңертең 17 миллион халықтың тең жарымы – орыстілді қауым бөтен мемлекеттің азаматтары болып шыға келмек. Жолдастар, бұлай етуге болмайды ғой», – деді. Ал енді бір «халық қалаулысының»: «Тек қазақ қана Қазақ КСР-інің немесе Қазақстан Республикасының Президенті бола алатыны жөніндегі ұсынысты маған қатысты алғанда азаматтық теңқұқылыққа жасалған қиянат деу-

ге бола ма, жоқ па?», – деген сұрағына орай депутат С.Сартаев оған қазақ елінің Президенті «мемлекеттік тілді және ұлтаралық келісім тілін қатар меңгерген адам» бола алатыны жөнінде заңда тайға таңба басқандай жазулы екенін ескертті. Мен әдейі, этика сақтап және ол уақыттың алыста қалғанына, заман-төреші бәрің әлдеқашан өз орнына келтіргеніне байланысты қазір олардың атын атап, түсін түстеуді жөн көрмедім.

Әрине, олардың мұндай «батыл» сөйлеуінің ар жағында қолтығына су бүркетін сыртқы күштердің бар екенін де бірден аңғардым. Бірақ маған қателесуге де, ашуға бой алдыруға да болмайтын еді. Сол кездегі Жоғарғы Кеңес депутаттары, ел ағалары, белгілі заңгер, ғылым қайраткерлері С.Зиманов, С.Сартаев, Ә.Кекілбаев, М.Қозыбаев, Ә.Жолдасбеков, т.б. депутаттардың орнықты, дәлелді жауаптарына қарамастан, заң жобасын екі күн бойы талқылаған депутаттар ортақ мәмілеге келе алмады. Талқылау әбден тығырыққа тірелген кезде 16 желтоқсан күні түстен кейін мен Жоғарғы Кеңеске келіп, депутаттарға мән-жайды өзім түсіндіріп, олардың бұл шешімін бүкіл Қазақстан халқы, күллі әлем жұрты күтіп отырғанын былайша жеткіздім: «Бұл заңды қабылдауымыз керек, өйткені жалғыз біз ғана қалдық. Көпұлтты Қазақстан халқының алдында біздің арымыз таза. Бұл – барлығы әр сөзіне үніле отырып оқитын маңызды заң. Менің сайлауалды бағдарламам, біз шешкелі отырған барлық мәселелердің түйіні – осы. Басты мәселе – мемлекеттік тәуелсіздік мәселесі. Артық шүйлігудің, ешқандай мән-маңызы жоқ сөздерді қосудың қажеті жоқ. Заңды осы күйінде басым көпшілік дауыс арқылы қабылдау керек деп санаймын. Баршаңыздан осыған бейілділік білдірулеріңізді сұраймын». Осы сөзден кейін қарсы сөйлеген депутаттардың біразы сабасына түсіп, заң жобасы көпшілік дауыспен қабылданды. Бұл бәріміз көптен күткен айшықты мезет, тарихи оқиға еді. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Алдын ала ойластырумен, зор ұйымдастырушылықпен, қапысыз дайындықпен жүзеге асты.

Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын. Тәуелсіздікті жариялау оңай емес, оны бүкіл әлемге мойындату одан да қиын еді. Мен Қазақстан тәуелсіздігінің осындай биік деңгейде мойындалуын да алдын ала ойластырып қойған едім.

Бірнеше ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы келісудің нәтижесінде Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннің ертеңінде елімізге ресми сапармен АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкердің өзі келді. Бұл оның Қазақстанға екінші сапары болатын. Осы уақыт ішінде екеуміз өзара сенімге негізделген достық қатынас орнатып үлгерген едік. АҚШ-тың сыртқы саясатына жауапты тұлға Қазақстанды тұңғыш Президент сайлауымен, тәуелсіздік жариялауымен шын жүректен құттықтады. Бұл ақпаратты онымен бірге келген шетелдік журналистер қауымы АҚШ пен Батыс елдеріне сол сәтте-ақ таратып жіберді. Оқиғалар ағыны қарқын ала түсті. Экономикалық ынтымақтастықты сақтау үшін 21 желтоқсан күні Ресей, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Армения, Молдова және Қазақстан президенттері бас қосқан кездесуде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөнінде келісімге қол қойылды. Саммит Қазақстан тарапының бастамасымен Алматыда өтті. Бұл бір кездері «КСРО құрамына енген республикалардың ендігі тағдыры қалай болады, кімнің жетегінде кетуі мүмкін?» деген әлем мемлекеттерінің алаңдаушылығын сап тыйып, Достастық мемлекеттерінің бірлестігі пайда болды. Тәуелсіздік осындай «тар жол, тайғақ кешулер» мен «соқтықпалы, соқпақты замандардан» аман өтіп, өзінің арналы жолын тапты.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз береке-бірлікке, ынтымаққа, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімге негізделген саясатты жүзеге асырдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының қадірін білуіміз керек. «Бірлігі бар ел озады», – дейді дана халқымыз. Біз дамуың даңғыл жолына түскенде өзіміз сияқты тәуелсіздігін жариялаған Грузия, Әзербайжан, Армения мемлекеттерінде, өкінішке қарай, соғыс өрті тұтанып, Приднестровье Молдовадан бөлініп кетті. Тәжікстанда азамат соғысы өршіп, бауырлас қырғыз елінде дүркін-дүркін дүмпулер мен қақтығыстар орын алып, сол жылдары басталған келіспеушіліктер әлі күнге дейін жалғасып, елдің берекесін алып қана қойған жоқ, экономикасын да тұрлатып, жылдар бойы алға дамуын тежеді. Украинаның оңтүстік-шығысындағы осы күнгі жанжалдың төркіні де тоқсаныншы жылдардан келе жатқан

алауыздықтардан басталды.

Ынтымағы жарасқан елдің табысы табысы, абыройы асады. Берекесі қашқан елдің қуаты кеміп, құты қашады. Отыз жыл ішінде біз ғасырларға бергісіз даму жолынан өттік. Ауыз толтырып айтар табыстарымыз да аз емес.

Тәуелсіздік жариялаған соң жүйелі саяси реформаны қолға алдық. Осыдан жиырма бес жыл бұрын бүгінгі барлық жетістіктерімізге берік заңнамалық іргетас болып қаланған Ата заңымыз – жаңа Конституциямызды қабылдадық. Бүкіл халық болып талқылаған бұл құжат ел даналығы мен ынтымағының, береке-бірліктің іргетасына айналды.

Дүниеде экономикалық даму мен демократияның алуан формасы болса да, оның дәл сол күйінде көшіріп ала қоятын ортақ үлгісі жоқ. Біз әлемдік тәжірибені қорытып, өз ерекшеліктеріміз бен мүмкіндіктерімізді ескеріп «Қазақстан – 2030» стратегиясын түздік. Онда белгіленген межелі көрсеткіштерді мерзімінен бұрын орындаған соң халықтың қолдауын тапқан «Қазақстан – 2050» бағдарламасын жасадық. Әлемдік саясаткерлер мен сарапшылар «Қазақстан жолы» деп жоғары баға берген ұлт дамуының даңғыл жолының өзегін дәл осы қос стратегия құрайды. Біздің жұрт – тамырың жеті қат жер-астына жіберген алып бәйтеректей өзінің күш-қуатын ғасырлар бойы Ұлы дала төсінен алған байырғы халық. Бабаларымыз бізге мұра қылып ұлан-ғайыр жер қалдырды. Бірақ ол кешегі патша заманында да, Кеңес Одағы тұсында да халықаралық құжаттармен ресімделмеді. Жалпы ұзындығы 14 мың шақырымдық біздің шекарамыздың барлық бойлығына қатысты сындарлы келіссөздер үдерісін ұйымдастыру оңай міндет болған жоқ. Бұған басшылығы алғашқы күндерден-ақ біздің тәуелсіздігімізге, сондай-ақ шекарамызды нақтылау ісіне қолдау білдірген екі ұлы көршіміздің – Ресей мен Қытайдың арқасында қол жеткізілгенін айта кетуім керек. Сөйтіп, Қазақстанның Ресей Федерациясымен арадағы ұзындығы 7500 шақырым болатын ортақ шекарасы достық пен сенім белдеуіне айналды. ҚХР-мен шектес 1700 шақырымдық шекарамыз бойынша да тарихи уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл жайт шекара мәселесі бойынша өзге де көршілес елдердің сындарлы ұстанымында болуына септігін тигізді. Біз Ресейдің және оның президенті В.В.Путиннің, Қытай басшылығының тарихымыздағы сол маңызды сәтте көрсеткен қолдауының әрдайым қадірін біліп, ризашылықпен есте ұстауға тиіспіз.

Келіссөз барысында өзара түсіністік пен тараптардың мүддесіне деген құрмет ахуалын қалыптастыра отырып, біз жүйелі түрде халықаралық келісімшарттар жасасып, мемлекеттік шекарамызды түпкілікті айқындап алдық. Солайша, бабалар аманатын орындау үшін және күндердің күнінде өз ұрпағымыздың алдынан бұдан да ауыр қиындықтар шықпауы үшін түйткілдер мен кедергілердің бәрін еңсеріп, қолға алынған істі ақырына дейін жеткіздік.

Жер дегеннен шығады. Кеңес Одағы тұсында қазақтың ұлан-байтақ жерінің әр тұсы жантүршігерлік атом жарылыстары жасалған түрлі әскери полигондар мен базаларға, зертханаларға айналды. Тек бір ғана Семей полигонында 456 ядролық, термоядролық жарылыс жасалды. Оның 116-сы ашық атмосферада жарылып, халқымызға орасан зор зиянды зардаптар әкелді. Қазақстан ғалымдарының есебінен, Семей полигонында жарылған атом бомбасының жалпы қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан екі жарым мың есе артық екен. Мен осы тажал полигонын 1991 жылдың 29 тамызында жаптым.

Қазақстан тәуелсіздік алғанда біздің аумағымызда континентаралық баллистикалық ракеталарға арналған 1216 ядролық оқтұмсық болды. Бұл әлемдегі төртінші ядролық өлеует еді. Біз атом қаруынан өз еркімізбен бас тартып, бүкіләлемдік ядролық қарусыздану көшін бастадық. Бұл – Қазақстанның жаһандық бейбітшілікті сақтауға қосқан теңдессіз үлесі. Тәуелсіздігімізді жариялағанда біздің өз валютамыз да жоқ еді. Өлметік қаржы нарығын мұқият зерттей келіп, ұлттық теңгемізді де дер кезінде айналымға енгіздік. «Қамданған қапы қалмайды» дейді халқымыз. Ертенін ойлаған ел ғана озады. Болашақ ұрпағымыз ештеңеден тарылмауы үшін Ұлттық қор мен алтын-валюта қорын жасақтап, оған мол қаржы жинақтадық. Дәл осы мол қаражат пандемия кезінде бізге көмек болды.

Біздің еншімізге тарихымызда өз ауқымдылығы мен қиындығы жөнінен бұрын-соңды болып көрмеген жобаны жүзеге асыру – Сарыарқаның төріне, ерке Есілдің бойына ел қондырып, жаңа да өсем елорда салу мәртебесі бұйырды. Астананың қарыштап дамуы еліміздің өзге өңірлерінің өркендеп өсуіне серпін берді.



(Соңы. Басы 1-2 беттерде).

Шымкент халқының саны миллионнан асқан республикалық дербес үшінші қала қатарына қосылды. Екі мың жылдық тарихы бар көне Түркістан кейінгі екі жылдың ішінде айтарлықтай өзгеріп, әсем шаһарлардың біріне айналды. Еліміздің өзге өңірлері мен ірі қалаларын да дәл осындай болашақ күтіп тұр деп нық сеніммен айта аламын. Егемендіктің елең-алаңында-ақ мен Қазақстанға экономикалық жаңғыру, инфрақұрылымды жаңарту және шикізатқа тәуелділіктен құтылу қажет екенін түсіндім. Бірақ тек үшінші онжылдықтың басына қарай, ресурс пен тәжірибе жинақтаған соң ғана біз бұл қиын істі жүзеге асыра алдық. Біз индустрияландыруға және өз өнеркәсіп базамызды дамытуға иек арттық. Сол мақсатпен Индустриялық-инновациялық дамудың үш бағдарламасы қабылданды, 9 триллион теңге сомасындағы 1500 жоба енгізілді. Қазақстан бұрын өндірілмеген өнімдер – электровоз, автобус, автомобиль, теміржол вагондары, трансформаторлар және басқа да 500-ден астам өнім түрін шығара бастады.

Жолдар мемлекеттің көлік саласының қан тамыры қызметін атқаратыны белгілі. Небәрі 10 жыл ішінде біз 14 мың шақырым автомобиль жолын және 2,5 мың шақырым теміржол салдық, ірі әуежайлардың бәрін, теңіз бен құрлық порттарын қайта жаңғырттық. Соның нәтижесінде теңізге шығатын жолы болмаған Қазақстан Еуропа елдеріне, Парсы шығанағына, Үнді, Алтанд және Тынық мұхитқа тікелей шығу мүмкіндігіне қол жеткізді және еуразиялық трансконтинентальды көлік көпіріне айналды.

Тәуелсіз еліміздің басты байлығы – адам. Мемлекетіміздің тірегі де, алтын діңгегі де – Қазақстан халқы. Мен бойымдағы қуат, қызметімдегі тәжірибе, ойымдағы нәр – бәрі-бірін халқыма қызмет етуге жұмсап келемін. Сол үшін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері тағдыр талайымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылған миллионнан астам қандастарымызды атамекенге алдырдым. Бұл айтар ауызға ғана оңай. Жер бетінде халқының саны миллионға жетпейтін қаншама мемлекет бар. Біз осыншама қандастарымызды шетелдерден алдырып қана қоймай, басына – баспана, өзіне – жұмыс, ұрпағына білім бердік. Бұл іс әлі де жалғасын таба береді. Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болғанын ұмытпауымыз керек. Еліміз тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде көптеген қиындықты еңсеріп,

## Тәуелсіздік тағылымы

ұлан-ғайыр табыстарға қол жеткізді. Алда алар асуларымыз бен бағындырар биіктеріміз де, ықтимал сын-қатерлер де аз емес.

Міне, екі жылдан бері дүние жүзі алаң күй кешуде. Коронавирус дертінен туындаған пандемия әлемдік экономиканы ғана емес, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды, ғылым мен технология дамуын, жалпы адамның ойлау жүйесін айтарлықтай өзгертті. Ең алдымен, адамзатқа ортақ індет даму деңгейіне қарамастан ел мен елдің экономикасы мен технологиясын жақындастырып, бір-бірімен ынтымақтастыра бастады. Соның негізінде жаңа жаһандық экономикалық парадигма қалыптасты.

Жақында Нобель сыйлығының түрлі ғылым саласындағы лауреаттарының үлкен бір шоғыры «Біздің ғаламшар, біздің болашағымыз» саммитінің қорытындысы бойынша әлем мемлекеттеріне үндеу жасап, пандемия адамзат дамуына Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең үлкен апат болып енгендігін атап көрсетіп, онымен бүкіл дүниежүзі бірлесе күресуі керектігін алға тартты. Олар: «Егер осы бесжылдықта трансформациялық шаралар қабылданбаса, адамзаттың болашағына ауыр қатер төнетін болады... Қоғамның ең кедей және маргиналданған топтары мейлінше әлсіз жіктер күйінде қала береді», – деді. Бұл менің осыдан тура 30 жылдай бұрын, 1992 жылдың 5 қазанында, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінен айтқан ұсыныстарыммен астасып жатыр. Біз сол кезеңнің өзінде әлемнің ең бай мемлекеттерінің әскери-соғыс мақсатына қарастыратын шығындарының 1%-ын бөлу арқылы адамзатқа айтып келмейтін, төтенше апаттарға қарсы күресудің халықаралық қорын жасауды ұсынған едік. Әңгіме ол кезде БҰҰ-ның бітімгершілік күштері туралы болған еді, бірақ, біріншіден, маңыздысы идея және ұжымдық әрекеттестіктің тетігі болатын, екіншіден, түрлі елдерде тәулік сайын жүздеген-мыңдаған адамды баудай түсіріп жатқан пандемияның соғыстан несі кем?

Егер дәл сол кезде мен ұсынғандай қор жасалған болса, қазіргі пандемия жағдайында кедей мемлекеттерге коронавируспен күресуге және оның зиянды зардаптарын жоюға бағытталған шараларды ұйымдастыруға мол

мүмкіндік туған болар еді. Пандемия әлемді жаңа күшке, жетекші тенденциялар мен алдағы қауіп-қатерлерге негізделген жаңа геосаяси трансформацияға бастады. Тұтқиылдан келген індетке қарсы күресте жұртқа ақпарат пен сандық жүйеге негізделген жаңа технология көмек қолын созды. Бұл еңбек нарығына айтарлықтай жаңа өзгерістер әкелді. Экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Кристофер Писсаридес төртінші индустриялық революция барысында роботтар біртіндеп адамдар қызмет ететін мамандықтардың басын көпшілігін алмастыратын болады деген болжам жасаған еді. Сол болжам енді келді. Жаһандық технологияландыру нәтижесінде қазірдің өзінде ақпараттық технология, робот техникасы, синтетикалық биология, бионика, нанотехнология, жасанды интеллект саласында бұрын санаға да сыймайтын революциялық өзгерістер орын алып жатыр. Әлемде биоинженер, робот техникасы инженері, киберқауіпсіздік маманы, нейромаркетолог, космобиолог, урбанист-эколог, биофармаколог, агрокибернетик, метеознергетик сияқты жаңа мамандықтарға сұраныстар барған сайын арта түсуде.

Біз кезінде EXPO-2017 көрмесін өткізіп, жасыл энергетикаға көшудің кешенді бағдарламасын қабылдадық. Бүгінде бүкіл әлем баламалық энергетиканы – жел энергиясы, гелиоэнергетика, гидроэнергетика, биоэнергетика, геотермалды энергетика салаларын қарқынды дамыту үстінде. Осы үдерістен қалмауымыз керек. Жаһандық жаңа трендтердің қатарында болу үшін біз «Болашақ» бағдарламасын жасап, жастарымызды әлемнің ең үздік университеттерінде оқыттық. Ал қаражат жеткіліксіз болған өткен ғасырдың 90-жылдары біз студенттердің оқу ақысын, жүріп-тұруы мен күнкөрісін төлеп бердік. Осы уақытқа дейін ел игілігі үшін 15 мыңнан астам маман даярланды. Олар өз Отанының қамқорлығын сезініп, елге қызмет етіп, біздің үмітімізді ақтайды деп сенемін. Кейіннен әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орны – Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері келісі, ақпараттық технологиялар саласындағы стартаптарға арналған «Астана-

хаб» халықаралық технопарк ашылды. Біздің жастар осындай ілгерішіл өзгерістердің көш басында болуы қажет.

Осыдан екі жарым жыл бұрын елімізде президенттік билік ауысты. Маған: «Ата заңымызда Сізге ешқандай шектеулік жоқ. Соңғы сайлауда халықтың 98%-ына жуығының қолдауына ие болдыңыз. Қызметіңізді атқара беріңіз», – деушілер аз болған жоқ. Бірақ әр нәрсе өз ретімен болуы керек. Отыз жылға жуық ел басқарған кезімде мен жаныма қаншама азаматты серік етіп, көптеген шәкірт тәрбиеледім. Солардың ішінде Үкімет басқарған, Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары ретінде жаһандық саясатқа жеткіктің танытқан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қасымнан табылған нағыз патриот, жоғары білікті кәсіпқой тұлға Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты Президенттік қызметке ұсындым. Сайлауда халықтың басым көпшілігі оны қолдады. Осылайша, біз халқымыздың ауызбірлігін, саясаттағы сабақтастығымызды күллі әлем қоғамдастығына тағы бір қырынан таныта білдік.

Халықтан кім асырып айтқан?! «Диірменнің тасындай дөңгеленген дүние» бір орнында тұрмайтыны белгілі. Президент ауысады, бірақ Тәуелсіздік мәңгілік болуы керек. Әр қазақстандық алдағы уақытта оның тұғырын нықтап, еңсесін тіктеп, абыройын асыруға қызмет етуге тиіс. «Мәңгілік ел» идеясының түпкі мақсаты осында. Ең бастысы – еліміз аман, ұрпағымыз азат. Біз алақанға салып өсірген сол азат ұрпақ ендігі жерде «Мен Қазақстаным не беремін?» дегенді ойлауы керек. Біз өзіміздің толағай табыстарымыз арқылы тәуелсіздікке сенбегендерді иландырдық, көнбегендерді қатарымызға тарттық, әлем мойындаған абыройлы мемлекетке айналдық.

Тәуелсіздік те бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды. Халқы тату, экономикасы қуатты, саяси жүйесі тұрақты, мәртебесі биік, абыройы асқақ Қазақстанның болашағы кешегіден кемел, бүгінгіден нұрлы екендігіне кәміл сенемін.

Тәуелсіздікке берік іргетас болып қаланған бабаларымыздың асыл мұраты – ерлік пен елдігімізден күш-қуат алып, әрдайым алға баса берейік, ағайын!

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы.

## ҰЛТ - АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Осы жылы Қазақстан Республикасының түкпір-түкпірінде - Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өтіп отыр. Тәуелсіздікке халқымыз оңай қол жеткізген жоқ. Еркіндік сүйгіш қазақ халқы тәуелсіздік үшін үнемі жауларымен аянбай күресіп келді. Солардың ішінде биыл 105 жыл толып отырған Қазақ елінің Ұлт-азаттық көтерілісі де бар. Бұл оқиға 1916 жылдың шілде айының бас кезінен бастау алды. Көтеріліс отаршылдыққа қарсы сипатта болды. Көтеріліске 1916 жылы 25 маусымда Түркістан өлкесі мен ішінара Сібір аймағының 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын бірінші дүниежүзілік соғыс майданына «қара жұмысқа» алу туралы патша өкіметі шығарған жарлық түрткі болған. Тағы да басқа әлеуметтік теңсіздік халықтың жүйкесіне тиді. Осындай озбырлыққа қарсы Амангелді Иманов бастаған көтерілістер Қазақстанның әр өңірлерінде бой көтерді.

Осыған байланысты М.Төлебаевтың мемориалды музейінде 1916 жылғы Ұлт - азаттық көтеріліске 105 жыл толуына орай «Ұлт - азаттық көтерілістің тарихи тағылымдары» атты танымдық шара өткізілді. Шара барысында келген қонақтарға ұлт-азаттық көтеріліс туралы деректі фильмдер көрсетіліп, қызықты мәліметтер айтылып, көтеріліс кезінде туындаған халық аузынан шыққан әр-түрлі жырлар туралы сөз қозғалды. Шараның басты мақсаты осындай бір ірі тарихи оқиғаның тарихы туралы сыр шерте отырып, Тәуелсіздігіміздің қаншалықты бағалы мұра екенін көрсетуде болды.

Өткен тарихымыздың шежіресі қайнар көзі халқымыздың мәдениеті мен тарихы. Сондықтан да біз ХХІ ғасырда рухани мұрамызды жаңғырта отырып, болашаққа бағыт-бағдарымызды айқындай түсу қажеттіз. Бұл жолда 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс тарихы қазіргі жас ұрпаққа берер өнегесі мол деп есептеймін.

**А.ЖҰМАТАЕВА,**

М.Төлебаевтың мемориалды музейінің меңгерушісі.

## Қаржыны тек бизнеске салу керек

дейді сарқандық кәсіпкер Мадина Төлеулинова



**Ел экономикасын дамытып, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру үшін әр жеке кәсіпкерге қолдау көрсету аса маңызды. Әсіресе ауылдық жерде жұмыс орындарын ашып, халыққа қызмет етіп, мал басын көбейтіп, тұрғындарды табиғи таза өніммен қамтып отырғандар талайларға үлгі десе де болады. Сондай тұлғалардың бірі - Сарқан қаласының тұрғыны, жеке кәсіпкер Төлеулинова Мадина Қанатжанқызы.**

Кәсіпкердің айтуынша, ол бизнеспен 2019 жылдан айналыса бастаған. Қазір бірнеше жерде сауда орнын ашып, бірнеше адамға жұмыс беріп отырған жайы бар.

«Бизнес ашу үшін қажетті дүниенің бірі – қаржы. Бастапқыда бірқатар қиындыққа кез болдым. Банктердің бірінен қаржы алып, еселеп қайтаруыма тура келді. Дегенмен, мойымай қолға алған кәсібімді одан әрі дамытуға бел байладым. Сөйтіп, биыл ақпанда 1 млн 200 мың теңгені «Даму» бағдарламасы аясында КМФ микроқаржы ұйымы арқылы алдым. Бұған дейін бас киімдер сататын бір сауда орным болған, енді екінші орындай аштым», - дейді Мадина Қанатжанқызы.

Кәсіпкердің алдағы жоспары да айқын. Оның айтуынша, бизнесті жүргізудің ең негізгі тетігі – табысты тиімді әрі мақсатты жұмсау.

«Кәсіп үшін үнемі қаржылай қолдау керек. Мен КМФ-тен одан кейін де екі рет несие алдым. Кәсіп болған соң кіріс бар, оны мақсатты жұмсай білу маңызды. Алған қаржыны да тек кәсіпке салу керек, сонда ғана жемісін көресің, мақсатқа жетесің. Қазір бизнесім жақсы дамып жатыр, екі адамды жұмыспен қамтып отырмын, алдағы уақытта бизнестің басқа түрін қолға алып, тағы бірнеше адамға жұмыс берсем деймін», - дейді кәсіпкер.

Мадина Қанатжанқызының айтуына қарағанда, ол осы кәсіптің арқасында қора салып, мал басын көбейтіп жатыр. Мал басы көбейген соң үй салу жоспарында тұрған көрінеді. - Мұның барлығы - кәсіптің жемісі, - дейді ол.

Өз тілшіміз.

## Орманды ұрпақтарға сақтайық

Орман табиғаттың тарту еткен байлығы, баға жетпес халық қазынасы. Орман қоршаған ортаның ақ босағасы, алтын діңгегі, табиғи байлықтардың күрделі көзі. Оның алуан түрлі өнімдері мен пайдалы қасиеттерінің адам баласының қазірге дейінгі өсіп-өну жолын көз алдына елестете алмайсың. Адамзат ізінші ықылым заманнан аман-есен осы күнге дейін жетуі түптеп келгенде жылы, сулы, нулы орманды жерлерге байланысты екеніне ешкім шек келтірмейді. Әрине, қоғам мен орманның қатар дамуы қашанда біркелкі болды деуге болмайды. Мысалы, адамның дәрменсіз (қарусыз, отсыз) кезіндегі аса зиянсыз орман пайдалануы кейін ағаш дайындау, өрт салу сияқты әрекеттермен алмасып, қайшылықтар көбейді, ормандар жылдам азая бастады.

Орман - деген қоршаған ортаға өте қажетті аумақ. Орманға адамдар көбінесе демалуға, таза ауа жұтып, тынығуға барады. Бірақ, екіншіше орай демалушылар арттарынан қоқыстарын шашып немесе отқа тамақ дайындаған соң артынан қалған шоқты өшірмей жатады. Соның салдарынан қазіргі таңда көптеген ормандар өртеніп жатыр. Бұл мәселе тек Қазақстанда ғана емес бүкіл дүниежүзінде бар. Мемлекеттің басты байлығы саналатын табиғатты қорғау, табиғи ресурстарды сақтау адамзаттың қастерлі парызы саналады. Өйткені, келешек ұрпақтың ырыс-құтты, бақ-берекелі болуы бізден қалған байлыққа тікелей байланысты. Сондықтан да «атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген төмсілге сүйеніп, табиғи қорларды көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Ендеше келер ұрпаққа артылар жауапкершілік жүгі ауыр.

**М. БЕКБОЛАТОВ,**

«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалының Басқан орманшылығының инспекторы.



Тәуелсіздік! Осы бір асыл сөздің астарында теңіздей терең мағына бар. Бұл таңбасы таста, қаны қара жерде жатқан құдіретті сөз. Ұлттық мәдениеттің өркениетке дейін өрлеуі ащы термен келген тәтті жеңістің жемісі.

1986 жылы Республика алаңы қызыл қанға боялып, қазақ жастары қыршынынан қиылды. Боздақтарымыз еліміздің егемендігі үшін ереуілге шықты. Жас жанымен қоштасқандардың саны да аз емес. Сұм ажалдың семсері Қайрат Рысқұлбеков, Сабира Мұхамеджанқызы, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаевтай батыл жастардың жанын алды. Желтоқсан желі ер жігітті тоңдырып, жайқалған гүлдей аруларымызды солдырды. Қаралы күннің хаба-



## Ұлттық мәдениеттен өркениетке дейін

ры ешбір алаш баласының жүрегін елжіретпей қоймағаны тайға таңба басқандай белгілі. Тарихтың беттерін парақтап, сыр сандығынан, мұрағаттарынан сыр шертер болсақ, Қ.Рысқұлбековтің: «Мен ол жерге Қонаевтің күйін күйттеп барған жоқпын. Аланда қазақтың уыздай жас қыздарының шашынан сүйреп, ұрып – соғып, ыстық су құйып жатыр дегенді естіген соң бардым. Ер қатарында ер қара боп, ербеңдеп жүргендердің қатарынан емеспін» - деген жігерлі сөздерін көре аламыз. Жас ақынның суық қару тақалған сәтте, «Қайрат деген атым бар, Қазақ деген затым бар, Еркек тоқты құрбандық,

Атам десең, атыңдар!» деген жыр жолдары күні бүгінге дейін сақталған қазыналардың бірі де бірегейі. Сол себепті осы көтерілістен кейін, Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алды. 1991 жылы 1 желтоқсанда мемлекетіміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев билік басына келіп, байырғы бабаларымыздай қазақ елінің алтын тағына отырды. Дәл осы күннен бастап қалың жұртымыздың тағдыры өзгерді. 1991 жыл 16 желтоқсан! Қазақ үшін қасиетті сандардың біріне айналды. Бұл күн біз үшін мереке. Қазірде кең көсіліп арқамызды кеңге жайып жүргеніміз сол боздақтардың жеңісі. Еліміздегі бейбітшіліктің таңы атқалы бүгінгі күннің қаһармандары шет елдерде қазақ елін танытуда. Қаншама жас-

жеткіншектер әр түрлі мемлекетте күміс көмей даусымен қазақтың жұлдызы жарқырады. Спорт шеберлерінің жеңісінің нәтижесінде өзге елде Республикамыздың гимні шырқалды. Қонақжай екенімізді көрсетіп, көптеген ұлт – өкілдеріне заң тұрғысынан құқық берілді. Олар елімізде емін – еркін, бірлікте өмір сүруде. Боздақтарымыз жарқын болашағымызға жол ашып, көк байрағымызды қолымызға ұстатты. Туымыз бен елтаңбамызды дөріптеп, әспеттеп тұмар қылып тағатын да, құнын кетіріп басқа елдің боданында қалдыратын да жас ұрпақ. Кемел келешектің негізін бірге қалайық!

**Мөлдір ЖАКУПОВА,**  
**Сарқан гуманитарлық**  
**колледжінің арнайы пән**  
**оқытушысы.**

СПОРТ

# Целындалу мектебі

**Тәуелсіздік таңының арайы барлық салаға да өз сәулесін түсіргені анық. Әсіресе, спорт саласындағы топжарғандар Тәуелсіз Қазақстанның көк туын желбіретіп, елімізді әлемге танытып келе жатқандығы баршаға белгілі. Осыған орай Сарқан аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Асхат Әуезханұлы Құдабаевты әңгімеге тарттық.**

**- Алғашқы сұрағымыз, Асхат Әуезханұлы, баршаның көкейінде жүрген сауал. Тәуелсіздіктің 30 жылдығында Сарқан ауданында салауатты өмір салтын қалыптастыруға қандай игі қадамдар жасалуда?**

- Өтпелі кезеңде ең алдымен елдің әлеуметтік жағдайы, экономика мәселесі басты орында болды да мәдениет пен спорт саласы кенжелеп қалғанын баршамыз білеміз. Шалғайдағы елді мекендерде шаруасы шатқаяқтап қалған көпшіліктің спортқа мойын бұруға мұршасы болмағаны анық. Алайда жылдар өтіп, еңсемізді көтергелі бері дене шынықтыру саласы адам танымастай өзгерді. Оның мысалын Сарқан ауданынан айқын аңғаруға болады. Аудандағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі пайдалануға берілгені бері спорттың барлық түрінен дерлік секциялар ашылып, талантты да талапты жастардың бағы жанып, облыстық, республикалық, әлемдік додаларға қатысуы арманымыздың жүзеге асқаны деп білемін. Бүгінгі таңда ауданда 120 спорт ғимараты жұмыс істейді, оның ішінде: 1 стадион, 1 спорт кешені, 77 жазықтық алаңдар, 31 спорт залы, 8 атыс тирі және 2 атыс алаңы бар. 387 спорт секциясында жүйелі түрде 11660 адам спортпен шұғылданады, мұның аудан тұрғындарының 33,5 пайызын құрайтынын мақтанышпен айтамыз.

**- Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қандай шаралар жүзеге асырылды?**

- Биыл аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде еліміздің айшықты мерекесі қарсаңында аудандағы спорт саласының ұйымдастырушысы Қожасбай Садуақас Нұрсейітұлын еске алуға арналған ашық аудандық турнир өтті. Спорттық шараны аудан әкімі Талғат Қайнарбеков құттықтау сөзімен ашып, өңірімізде салауатты өмір салтын ұстануға көптеген жағдайлар жасалғандығын тілге тиек етті. Жыл сайын спорт саласын одан әрі дамытуға айрықша көңіл бөлінетіндігін жеткізген аудан әкімі барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ салтанатқа Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев, Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының Президенті Ерлан Қожасбай, Нұр-Сұлтан қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Ерғалиев қатысып, жылы лебіздерін білдірді.

Сонымен спорттың 4 түрінен өтіп,

Талдықорған, Қапшағай қалаларынан және Ақсу, Алакөл, Сарқан аудандарынан командалар қатысқан жарыс нәтижесі кіл мықтылардың ішінде кім мықты екендігін сарапқа салды. Шағын футболдан ардагерлер арасында "Сарқан-достар" командасы қарсылас шақ келтірмей 1 орынды және 200 мың теңгені иеленсе, жастар арасында "Сарқан" командасы үздік деп танылды. 15 шақырым қашықтыққа жүгіруден Баймұрат Тимурдың (Сарқан ауданы, Бірлік ауылы) алдына түскен жан болмады. Желаяқ осылайша тұғыр биігінен көрініп, 50 мың теңгеге қол жеткізді. Ал қол күрестен өзіміздің Абай ауылының сом білекті азаматымыз Хаметсапа Құрметжанның бағы басым түсіп, 50 мың теңге жеңіп алды. Волейбол бәсекесінде "Достар" командасы 1 орынды әрі 200 мың теңге көлеміндегі қаржыны ұтып алды. Барлық жеңімпаздар кубокпен және қаржылай сыйлықпен марапатталды.

**- Спорт саласының жандануына биыл қандай нақты қадамдар жасалды?**

- 2021 жылы Қойлық және Көктерек ауылдарында 9,2 млн. теңгеге 2 воркаут алаңы пайдалануға берілді. Сарқан қаласында «Қойтас» саябағында шағын футбол алаңын пайдалануға беруге шешуші жұмыстар жасалынды. Келер жылы Бірлік және Тополевка ауылдарындағы екі мектептің аяқталуымен 2 спорт залы және 4 спорт алаңы пайдалануға берілмекші. Сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына жобалық сметалық құжаттама әзірленуде, жобаны Алматы қ. "Строй Текс" ЖШС әзірлейді.

Көпшіліктің сұранысына сай Сарқан қаласының орталық стадионын қайта жаңартуға жобалық сметалық құжаттама дайындалды және сараптамадан өтті. Алайда бұл жобаға әзірше қаржы бөліне қойған жоқ. Ағымдағы жылы Талдықорған және Лепсинск қалаларында орналасқан дарынды балаларға арналған облыстық спорт интернаттарына біздің ауданнан 9 жеткіншекке жолдама берілді. Осылайша жанам деген жүрекке от беріп, болам деген жастарға бағыт-бағдар беріп келеміз.

Айта кету керек биыл біздің спортшыларымыз әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстық чемпионаттарға қатысты, онда 25 алтын, 15 күміс, 23 қола медаль иеленді. Сонымен қатар ҚР чемпионаттарынан 3 алтын, 5 күміс және 1 қола медаль, Азия жарыстарынан 6 алтын, 8 күміс, 3 қола медаль жеңіп алғанымыз

жастарымыздың келешегіне сендіреді. Ағымдағы жылдың 8 айында: 4 спорт шеберлігіне үміткер, джиу джитсу бойынша 2 спорт шебері, 5 спорт шеберлігіне үміткер, греклинг бойынша 2 спорт шебері, армреслинг бойынша 1 спорт шебері, ауыр атлетика бойынша 1 спорт шеберлігіне үміткер және баскетбол бой-

жатқан еркін күрестен ҚР Чемпионатында Үсен Елдос I орын алды.

«Тәуелсіздігіміздің 30 - жылдығына орай Нұр-Сұлтан қаласында жеңіл атлетикадан өткен «Astana Marathon 2021» марафондық жарысында Сарқан ауданы Абай ауылының тумасы Данияр Орманғали бірінші келіп, бас жүлдені иеленді» деген хабарды әлеуметтік желіден оқығанда ерекше қуанып, мақтаныш сезімге бөлендік. Бұл жарыста Данияр әлем біріншілігіне, олимпиадаға қатысқан азулы қарсыластарынан озып, 42 шақырым қашықтықты 2 сағат 24 минутта жүгіріп өтті.

**- Ауданда қысқы спорт түрлеріне құлшыныс бар ма?**



ынша 1 спорт шеберлігіне үміткер дайындалды.

**- Биылғы спорттың әр түрі бойынша өткізілген іс-шараларға тоқтала кетсеңіз?**

- Нақтылап айтсақ аудан бойынша 149 спорттық іс-шара өткізіліпті. Абай ауылында дүниеге келген Қуаныш Қадырбаев аудан көлемінде қол күресінен (армреслинг) көш бастап, чемпионаттарда топ жарып жүрген сарқандық санлақтардың бірі. Кейінгі жылдары спорттың осы түрінен жастарды баулып, дүбірлі додаларға қосып келеді. Өзі де ардагерлер арасындағы жарыстарға қатысып, жеңіс тұғырынан көрінуде.

Алматы қаласында армреслингтен өткен Азия чемпионатында жерлестеріміздің жұлдызы жанды. Атап айтқанда 60 келі салмақта Айдын Есіркеев, 70 келі салмақта Еділ Рысбаев, 80 келі салмақта Қуаныш Қадырбаев, 90 келі салмақта Мұхтар Исабеков бірінші орынды жеңіп алып, чемпиондық тұғырға шықты. Осы жолы Қуаныш жерлестерін қуанытып, үшінші мәрте Азия чемпионы атанды. 5 спортшы Румынияда өткен армреслингтен Әлем чемпионатында жүлдегер атанды. Қараша айында Біріккен Араб Әмірліктерінің Абу Даби қаласында өткен джиу джитсудан Әлем чемпионатына 5 спортшы қатысып, Мағаз Серікжан, Байғужа Айнура, Жұмаш Дарина күміс және Нұртлеу Айым қола медальді жеңіп алды. Шымкент қаласында өтіп

- Аудан аумағындағы «Теректі» тау шаңғы базасы өз жұмысын жалғастыруда. 2018 жылы ашылған шаңғы базасы жыл сайын тау спортын сүйетін жандарға таптырмайтын сүйікті орынға айналды. Қысқы туризмді дамыту мақсатында ашылған базада ұзындығы 737 метр болатын шаңғы тебу жолы, 170 метр болатын тюбинг сырғанақ төбелер және мұз айдын да бар.

Аудан тұрғындарының басым бөлігі демалыс күндері осы шаңғы базасына келеді. Базаға кіру тегін. Демалыс аймағында 10-нан аса шаңғы, 3 сноуборд, 20-ға жуық үрлемелі балондар бар. Жоспарымызда қонақ үй, асхана, балық аулайтын аймақ ашу бар.

Сондай-ақ, шаңғымен, баллонмен және конькимен сырғанау құны басқа демалыс аймақтарына қарағанда әлде қайда төмен. Сондықтан да тау шаңғы базасына аудан тұрғындарының көптеп келуі жұртшылықтың қысқы демалысын тиімді өткізуге деген ынта-ықыласының айғағы.

Сарқан ауданында дене шынықтыру және спорт саласындағы көрсеткіштерді жақсарту және жоғары нәтижелерге қол жеткізу бойынша жұмыстарымыз жалғасын табуда. Алда бағындыратын белестеріміз аз емес.

Әңгімелескен Жомарт ИГІМАН.



# Жастар әлеуеті - ел иегінің еселеуге қызмет етеді

**-Бауыржан Алдабергенұлы, биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл. Осы орайда Тәуелсіздік жастарға не берді, жас буын тәуелсіздікті нығайтуға не жасады деген сауал туындайды?**

- Ия, биыл еліміз үшін ерекше жыл. Сөзсіз Тәуелсіздік ең бірінші кезекте жастарға зор мүмкіндік берді. Қазіргі таңда кез келген жанның өзін өзі жетілдіруіне көптеген жағдайлар жасалған. Сол үшін мемлекетіміз нақты істермен қолдау көрсетіп, қамқор болуда. Баршамызға белгілі 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланса, 2020 жыл Еріктілер жылы аясында өтті. Бұл мемлекетіміздің жас буынға деген айрықша қамқорлығы деп білем. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастар – біздің болашағымыздың тірегі», - деп әрдайым жастарға сенім артып, қолдау білдіреді. Ел ағаларының қашанда жастарға қамқорлық білдіруі – әр жасқа ерекше серпін беретін, болашағына даңғыл жол салатын мүмкіндік деп есептеймін. Азат халқымыздың абыройын асырып, мерейін тасытқан – ел тәуелсіздігі аясында жастар қауымына барынша жағдайлар жасалып, болашақ еліміздің тұғырлы жолында өзіндік үлестерін қосатын дарынды жастар тәрбиеленуде. Өз кезегінде «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жастарымызда егемен еліміз үшін аянып қалмайды деген сенім білдіргім келеді.

**-Өзің жетекшілік жасайтын орталықтың жұмысымен бөліссең?**

- Қазіргі таңда Сарқан ауданының статистикалық мәліметтері бойынша 14-29 жас аралығындағы жастардың саны 10353 адамды (яғни, аудан тұрғындарының жалпы санынан 25,4%) құрайды, оның ішінде 6935-і ауылдық округ жастары, 3418 - і қала жастары болып тіркелген. Ауданымызда жастар саясатын іске асыру мақсатында аудандық жастар ресурстық орталығы жұмыс атқарады. Орталық өз тарихын 2013 жылдан алады. Штат саны 3 адамды құрайды. Сонымен қатар жастарға психологиялық кеңес беретін 1 психолог маман қызмет етеді. Аудан бойынша ауылдық округтерде жастар саясатын жүзеге асыратын 13 нұсқаушылар бірлігі бөлініп, бүгінгі күні әрбір округте 1 жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушылар ауыл жастарымен

**1991 жылы 16 желтоқсанда еліміз Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан бөлініп шығып, өз тәуелсіздігін жариялады. Биыл егемен ел атанғанымызға 30 жыл толды. Бұл өткенімізге үңіліп, болашағымызды бағдарлайтын, жүрген жолымызды саралап, алға мақсаттар қоятын кезең. Сөзсіз еліміз осынау кезең аралығында біршама жетістіктерге қол жеткізді. Жүйелі жетістіктер желісінде қоғамның қозғаушы күші – жастардың да өзіндік үлесі барлығы айдан анық. Осыған орай жуырда Сарқан аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Жантасов Бауыржан Алдабергенұлын сөзге тартқан едік.**



жұмыс атқаруда.

Аудандық жастар ресурстық орталығының 2021 жылғы жұмыс жоспарының 6 айлық қорытындысы бойынша 9576 жас қатысқан 80 - ге жуық әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар ұйымдастырылды. Оның ішінде 33 кездесу, 4 спорттық шаралар, 1 форум, 11 мәдени шаралар, 33 акция. Ал 13 ауылдық округтердегі жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушылар жыл басынан бері жалпы саны 164 іс - шара ұйымдастырды. Аталған шаралар негізінен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесі аясында ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерде арнайы ашылған жастар орталығының Вк, инстаграм, фейсбук парақшаларына жарияланды.

Нәтижелеріміз де жаман емес. 9 айлық жұмыс қорытындысы негізінде облыс бойынша қазіргі таңда III орындамыз. Біз үшін бұл да меже емес. Өлі де көрсеткіштерімізді жақсартамыз деген ойдамыз.

**- Қандай проблемалар бар?**

- Жастар арасындағы проблема ол - құқық бұзушылық. Оңы мен солын жақсы ажырата алмайтын, өзіндік дүниетанымы қалыптаспаған жастар арасындағы аталмыш мәселенің туындауы көбінесе бос

уақыттарының болуына байланысты. Сондықтан оларды өз қатарымызға тартып, артық уақытты өзіне де, қоғамға да тиімді әрі пайдалы етіп өткізуге тырысып жатырмыз.

**-Өңіріміздегі еріктілердің жұмыстарымен жақсы таныспыз. Оқырмандарға солар турасында айтып өтсең?**

-Ия, ауданымызда еріктілер белсенді жұмыс жасайды. Акциялар, дөңгелек үстелдер, дебаттар, түрлі тақырыптық кездесулер, қайырымдылық шаралары, экскурсиялар, саяхаттар сынды тәрбиелік, ағарту бағытындағы көптеген шаруаларда осынау еріктілердің өзіндік қолтаңбалары бар. Мүмкіндігі шектеулі және жалғызбасты жандарға қолғабыс ешқашан назарымыздан тыс қалған емес. Біздің орталықтың мұрындық болуымен, еріктілердің атсалысуымен күн сайын бір кейде бірнеше шара ұйымдастырылады. Ағымдағы жылдың шілде, тамыз, қыркүйек айларында ғана 6475 жастың

гүлденіп, көркейуіне өз үлестерін тигізуде деп батыл айта аламын. «Жалынды жүрек», «Мейірімді жастар» атауымен 2 еріктілер ұйымы жұмыс жүргізетіндігін айта кеткеніміз жөн. Айтпақшы жақында Сарқан политехникалық колледжінің 2-курс студенті Ілиясов Санжар (суретте) Павлодар қаласында өткен ҚР Президентінің инициативтік жобасының жеңімпазы болды. II орын иеленіп, ең мейірімді волонтер атанды. Жалпы еріктілік - жастардың өз белсенділігін көрсетіп қана қоймай, адамдарға көмек беріп, тәжірибе жинауға, өмірлік маңызды дағдыларды дамытып, әлемді жаңа қырынан көруге мүмкіндік беретін бірден-бір сала. Сондықтан, уақытты еріктілікке жұмсау – тұлғалық дамуға құйылған инвестиция деп ұғынуға болады.

**-Болашақ жоспарларыңмен бөліссең.**

- Келер жылы қаламызда жастарға арналған арнайы орталық ашылатын болды. Бұл жұмысымызға соны серпін



беріп, жігерімізге жігер қосатындығы айдан анық. Бұдан басқа да жоспарларымыз жетерлік. Бұның барлығы ең бірінші кезекте егемендіктің арқасы, тәуелсіздіктің жемісі деуге болады. «Тұлпары озған елдің, тайы да озады» демекші, ел ағаларының жеткен жетістіктерін жалғастыру, елдің табысын одан әрі еселеу – жастардың міндеті. Біз, жастар, бойымызда қайрат, ойымызда ақыл,

жүрегімізде жігер барда еліміздің алдында тұрған мақсат-міндеттерді орындауға әрқашан дайынбыз! Тәуелсіздігіміз баянды, келешегіміз кемел болсын!

**П.ЖЕҢІСХАН.**

## Қайырымдының қазаны ортаймайды

Қайырымдылық ежелден халқымызға тән қасиет. Лепсі ауылында Аниаш Иманбаеваны аға буын өкілдері қанатымен су сепкен қарлығаштай қамқорлыққа мұқтаж адамдардың жанынан табылатын үлкен жүрегі үшін құрмет тұтады. Жуырда Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Павлодар қаласында өткен «Жомарт жүрек» байқауына арнайы шақырылған Аниаш Абзалқызы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның қолынан «Жыл қамқоршысы» номинациясы бойынша республикалық конкурстың жеңімпазы» деген диплом алды.

Лепсілік жомарт жүректі жандардың қайырымды қадамдарына ауыл тұрғындары дән риза. Лепсі ауылдық ақсақалдар алқасының мүшесі Кенжебек Қасенов ұлы Мақсаттың атынан аз қамтылған отбасы Қайрат Мынжасаровқа үйдің кілтін табыс етті.

Сарқан аудандық мәслихатының депутаты, "Искаков" шаруа қожалығының басшысы Асхат Искаков 11 аз қамтылған отбасының игілігі үшін ірі қара мал сойып, жұртшылық ризашылығына бөленді.

Көпшілік игілігіне ұсынылған нысандар қатарында сонымен қатар «Узбечка» кафесі мен «Достар» шағын маркетін атауға болады.

Мерекелік іс-шараның қорытындысында жұртшылық назарына Лепсі ауылдық мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен дайындалған концерт ұсынылды.

**Жомарт ИГІМАН,**  
Сарқан аудандық мәслихатының депутаты, Nur Otan партиясы фракциясының мүшесі.

## Жігітте де жігіт бар...



Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңындағы мерекелік іс-шара аясында Лепсі ауылында бірқатар игілікті іс-шаралар атқарылды. Атап айтқанда орталықтағы Қасымбай мешіті іргелі істердің ұйытқысы болып жүрген Руслан Сәттібековтың бастамасымен қоршалып, ауыл ажарын аша түсті.

- Русланның игі істерге көшбасшы болғаны бір бұл емес. Қашан да елдің еңсесін көтеруге білек сыбана араласатын азаматтың замандастарына үлгі болып жүргендігі елге аян,- дейді ауылдық ақсақалдар алқасының мүшесі, мемлекеттік қызмет ардагері Кеңес Сердалинов.

Расында да кәсіпкер жігіт Лепсі кіре берісіндегі арканы, орталықтағы стадионды салу кезінде ілкімділігін таныта білген жастар ұйытқысы. Осы жолы да мешітті қоршауға ынта-ықыласымен кірісіп, өз қолтаңбасын қалдырғанын жұртшылық сүйсіне әңгімелейді.

"Тұлпарда да тұлпар бар - қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек" дегеніміз осы шығар, сірә...

**Өз тілшіміз.**



## Тәуелсіздіктің 30 жылдығына - 30 газет

Ардагер ұстаз, кәсіпкер Күлшат Мұқашева өзінің құрылтайшылығымен мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын «Дана» балабақшасының ұжымына «Сарқан» газетінің біржылдық жазылымын тарту етті.

- Қарауымдағы 30 қызметкерге 30 газет жаздырып, Тәуелсіздіктің отыз жылдығына тарту әзірлеуді орынды деп таптым,- дейді Күлшат Қалиқызы. - Ұжым бірауыздан менің тартуымды қабыл алды. Жаңа жылда балабақша қызметкерлері аудан тынысын қалт жібермейтін болады.

Ардагер ұстаздың бұл бастамасы басқа кәсіпкерлер тарапынан қолдау табарына сенеміз.

Өз тілшіміз.

### Мен – тәуелсіз елдің ұстазымын

Алтайдан Алатауға дейін ұлан – ғайыр жерді мекен еткен ата – бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең даланы көк найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар. Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық. Міне, содан бері 30 жыл. Тәуелсіз ел тарихы- отаншылдықтың, ерліктің, елдіктің не екенін дәлелдейтін тамыры терең бай тарих. Арада қанша жылдар өтті. Қаралы күннің қасіреті алыстап, егемендік алған еліміздің көкшіл жалауы желбіреп, биіктей түсті. Ия, Тәуелсіздік шыңы бізге оңай келмеді! Қайраттай қайратты жастардың қанымен, Ләззаттай албырт арулардың үнімен, боздағын жоқтаған қасіретті ананың зарымен, ұландарына ақ тілек айтқан бабалардың батасымен келді! Біз бүгін сіздердің рухтарыңызға бас иеміз асыл аға-әпкелер. Оыдан 28 жыл бұрын мен дүниеге келіппін. Мен дүниеге келгенде еліміз тәуелсіздігін алғанына 2 жыл болыпты. Мен өзімді тәуелсіздіктің құрдасы деп санаймын.

«Ана көрген тон пішер» деген қазақта жақсы сөз бар ғой. Мен де ананың жолын қуып ұстаз болдым. Ұстаз болуды бала күнінен армандадым. Ұстаз болып балаларды білім нәрімен сусындандырып, жақсы тәрбие беру менің басты мақсатым. Қазіргі таңда біздер ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетпіз. Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолдарымызда, яғни болашағымыз жастардың жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез - келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген, отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Осындай бай, тәуелсіз мемлекетте тұрып жатқаныма өзімді бақыттымын деп санаймын. Мен әлі де өзімнің еліме, халқыма, болашақ ұрпақтарға қалтқысыз қызмет етсем деймін. Тәуелсіздігіміздің еңсесі биік болсын!

Айгерім ЕЛЮБЕК,

Ақын Сара атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Именно на них, чьи имена гремели во славу Советского Союза, строился фундамент Независимости Казахстана.

Слишком громко сказано? Но ведь в первые, нелегкие годы ее обретения, большинство из них хоть и были уже не «в строю», но жили среди нас. Воспитывали своим примером детей и внуков. И «заражали» тех и других, а заодно и окружающих, отношением к жизни, которое сейчас многим из нас, к сожалению, понять очень нелегко.



Почетный гражданин Сарканского района, кавалер самых престижных наград СССР – ордена Ленина и ордена Трудового Красного Знамени Кульману Марданова скромно живет с дочерью Гульнаррой в Саркане. Такой же веселой, энергичной, и даже по хорошему бесшабашной, как сегодня, она, видимо была и тогда. Когда поездка на Кубу и регулярные визиты в Москву были всего лишь эпизодами в каждодневной работе бригадира женской комсомольско-молодежной бригады ... трактористок. Пятнадцать девчат, лихо управляющихся с неуклюжими тракторами – такого как в совхозе Кок-Узекский больше в Алматинской области не было никогда.

Мать – тоже, кстати, кавалер ордена Трудового Красного Знамени, была уверена, что дочь пойдет по ее стезе и станет дояркой. Тем более, что Кульману с самых малых лет помогала ей на дойке. А девочка забиралась на крышу сарая и в темноте весенних вечеров вглядывалась вдаль, где мерцали фары тракторов. На полях пахота шла и днем и ночью. Несмо-

## «МЫ - ЛЮДИ ПРЕЗИДЕНТА!»

тря на мягко говоря недоумение мамы, Кульману с подругами пошла на курсы механизаторов. После окончания трактора ей не досталось, и она сквозь слезы огорчения просила дать ей хотя бы вот тот, совсем старенький, завести двигатель которого можно было только шнуром. Зачем тебе эта развалина?! Кульману настояла.

Через годы в ее активе были и колесные трактора и гусеничные. Захотелось освоить К-700 – трактор-гигант, размеры которого, если никогда не видел, даже трудно себе представить. Села за руль и поехала пахать. И только позже начальство настояло, чтобы наша героиня все-таки закончила специальные курсы, именно для водителей К-700.

Что такое бригадир женской тракторной бригады?

- Тележки грузятся, девчонки в ожидании хихикают, губки красят, а я стою и думаю – вот по этой дороге, да еще и с прицепами, будет очень трудно проехать. А по какой же лучше? Надо решить сейчас, и не ошибиться, я же бригадир, - с улыбкой вспоминает Кульману Марданова.

В не таком уж далеком прошлом трактористы были заняты не только в теплое время года. Работы хватало и в разгар зимы, и именно для К-700, потому как благодаря гигантским колесам и огромной мощности, они не буксовали нигде. То, как механизаторы работали тогда,



жоқ па? Ұлы Отан соғысы кезінде өз өмірін аямай, фашистерге қарсы соғысқан қазақтың батырларын көз алдыма елестетіп, ой елегімнен өткіземін де, біз расында бақыттымыз, тәуелсіз елдің ұрпақтарымыз екенін тағы бір мәрте мойындаймын. Осы бір тәуелсіздікті ата – бабам аңсап, армандап кеткен жоқ па?

О бастан-ақ рулар тайпаларға, тайпалар одақтарға, ал тайпалық одақтар елге, халыққа айналу үшін үздіксіз күресті, жан алысып, жан берісті. Өйткені халық болып қалыптаспай, тәуелсіздікті баянды түрде қолда ұстап тұру да мүмкін емес еді. Қазақ елі талай белестерді бағындырды. Желтоқсанда жарқ еткен жалынды жастар қазаққа азаттық таңын сыйға тартқандай болды. Осылайша күллі жаһанға қазақтың қайратын, айбынын танытты.

16 желтоқсан – еліміздің егемендігін жариялаған күн. Сол күні көгімізде тәуелсіздік туы желбіреді. Осы өшпес жылдар ішінде мен де Қазақстанның азаматшасы ретінде өз үлесімді қосып келемін. 1989 жылы Панфилов педагогикалық училищесін тамамдағаннан кейін мектепке мұғалім болып орналастым. Қаншама шәкірттер дайындап, ұрпақтардың санасына білім мен тәрбиені сіңіріп келемін. Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата – бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздік таңын аңсаған ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды десек қателеспеймін. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы арнайы әңгімеге тиек боларлықтай ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашан естен шығармауы керек. Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді.

Тәуелсіз елдің ұстазы қандай болу керек? Болашақ ұрпаққа мен не беремін? деген ой мені жиі мазалайды. Бүлдіршіндерге саналы білім мен сапалы тәрбие беру болашаққа деген үмітім зор екендігін білдіреді. Қазақстанның кішкентай ғана ұрпақтарын тәрбиелеу мен үшін үлкен бақыт. Тәуелсіз мемлекетте тұрып, тәуелсіз елдің ұстазы болып еңбек етіп жүргеніме мақтанамын. Тәуелсіздік мәңгі жасасын!

Бахыт БАЙГАНЫШЕВА,

Ақын Сара атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.



сейчас трудно себе представить.

Заводить огромный трактор надо было начинать не позднее 4 утра. Если прособираешься и припозднишься, то температура, которая в Кокозеке зимними ночами могла достигать 45 градусов, перед рассветом опуститься еще на порядок ниже. Тогда махину, у которой 16 передач передних и столько же задних, и все четыре колеса ведущие, не заведешь никакими силами. Больше десяти ведер воды надо было влить в систему охлаждения, и воды непременно горячей, чтобы она не замерзла в радиаторе, в первые же секунды.

В ночной темноте цепляешь одна к другой две огромные тележки с сеном и – к совхозным кошарам. Возить корма приходилось иногда за 350 километров! Пока разгрузишься и вернешься – на часах 12. Ночи. После сильных снегопадов дороги приходилось даже не чистить, а пробивать. Когда вокруг заснеженная целина сделать это можно было только на К-700. Огромный так называемый нож цеплялся только сзади. Десятки и сотни километров дорог водитель «снегоочистителя» ехал, смотря в заднее окошко, скрючившись на сиденье.

ДЕНЬ ВЧЕРАШНИЙ И СЕГОДНЯШНИЙ

- Кульману-апай, сейчас комбайны с кондиционерами и трактора не чета советским «Беларусь». Но молодежь не желает посвящать свою жизнь работе на поле. В чем разница между Вашим поколением и сегодняшним?

- Я не была каким-то особенным человеком, тогда так работали все. Да, я спяной чувствовала пахоту, но дело-то не в этом. Если ребенку всегда даешь то, другое - все что ему понравится – захочет ли он работать простым трактористом? Сейчас другое время и его надо просто пережить. Молодежь опомнится, многие поймут, что если хочешь покушать, то надо и потрудиться. Тем более сейчас и Елбасы, и Касым-Жомарт Кемелевич развитию села – причем всестороннему – уделяют особое внимание. Единствен-

ное, что к сожалению ушло с советским строем – институт наставничества. Тогда приходившему в бригаду молодому трактористу более опытные на практике показывали разные хитрости, делились своим бесценным опытом. Сегодня приходит к фермеру вчерашний студент – кто и чем ему поможет, если он в этом хозяйстве будет трактористом единственным? А работодателя волнует только то, сколько его подчиненный успеет сегодня сделать.

- Сейчас многие пенсионеры с ностальгией вспоминают Советский Союз, не замечая или не желая замечать того, как за эти 30 лет независимости изменилась жизнь...

- Главное что изменилось – отношение к простым людям. Посмотрите, как преобразился Сарқан! Это ведь сделано для всех, а не в награду кому-то за какие-то достижения. Мне после развала Советского Союза пришлось сторожем работать, и не один год. Ну и что? Зато сейчас я и мои одноклассники пенсию получают за работу в государстве, которого больше нет - Елбасы нас всех не забыл. Значит мы – люди Президента!

В.Береговой.



## Жаңартылған білім мазмұны - заман талабы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндігі» атты Қазақстан халқына жолдауында «Жаңартылған білім мазмұны бұл - мүлде жаңа бағдарлама, оқулықтар, стандарттар және кадрлар» деген болатын. Елбасымыз білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесін заман ағымына сай жетілдіру қажеттігін осылай жеткізген болатын. Жалпы, білім беру жүйесі мемлекетіміздің дамуына кепіл - инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттілікке қарай толықтырып отыруды талап етеді. Осындай қоғамда келешек ұрпақты қалай оқытқан тиімді? Бұл сұрақ әрбір педагогті толғандырады сөзсіз. Сөзсіз баланың білім алуында мұғалім маңызды роль атқарады. Дегенмен де білім беруде балаға не білу керектігін түсінсек те оны қолдана алуы қалай үйрету керектігін білмей қиналып жүрген шақтарымыз болды. Заман ағымына ілесе алатын, мол ақпаратты меңгерте білетін әлеуметтік қарым-қатынасқа түсе алатын оқушыларды даярлау қазіргі кезең талабы. Ол үшін мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамыту басты міндет болып отыр. Яғни ұстаз «үйретуші мен білім көзі» емес, «үйрену процесін ұйымдастырушы», «менеджер», «үйренуге жағдай жасаушы» ұғымдарына сай жұмыс жасау керек. Бұл ұстанымнан «Шәкірт өздігінен үйрену керек», - деген түсінік қалыптасады. Бұл дегеніміз мектептің басты тұлғасы - ұстаз еңбегінің маңызын төмендетпейді. Мұнда мәселе - ұстаз міндеттерінің түбегейлі өзгеруінде. Педагог - білім тасушыдан - білім әлеміне жол көрсетушіге айналуы тиіс. Сонымен жаңаша білім беру жағдайында ұстаз қандай болуы тиіс деген келсек ол - педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, - тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, - рухани дамыған, - толықсан шығармашыл тұлға. Жаңарған қоғамда ұстаздарға қойылатын талаптар да жоғары.

Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Білімді тұлға қайдан шығады? Жаңашыл мұғалімнің баланы дамыта оқытудағы жаңаша еңбегі, балаға ізденіс жолында білім берудегі жұмыс нәтижесінен шығады. Тәуелсіз еліміздің берік іргетасын қалай отырып, келешек жас буынның қолында, ал жастардың білікті де білімді болып шығуы заман талабына сай, жаңашыл ұстаздардың қолында.

**Айман АКИМЖАНОВА,**  
Екіаша орта мектебі физика пәнінің мұғалімі.

## ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАҢА ТАЛАПТАР

Сапалы білім - ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету - мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдер адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі - баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Әр мұғалім өз сабағының - көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттау білу ол шеберлігіне байланысты.

Бағдарлама үш деңгейден тұрады. Оқыту мен үйретудің тәсілі мынау болып табылады: 1. Қызығушылығын ояту-жаңа сабақты түсіндіру кезіндегі үйрену процесі. Бұл бұрынғы білетін білім мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер арқылы оқытуда оқушылар бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқарады. Ол белсенді әрекеттерге ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру жатады. 2. Мағынаны тану - жаңа сабақты бекіту процесі. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс жасайды, тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар олар идеяны жеткізіп қана қоймай, шешім табу үшін топқа сұрақ қояды және басқаларды сұраққа тартады. Әр топтан бір оқушы шығып ұжым алдында мәтін мазмұнын қысқаша баяндап береді. 3. Ой толғаныс - сабақты қорытындылау кезеңі. Осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігін үйренеді. Мысалы, бұл жерде балалар өссе жазыды. Өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, түйгендерін анықтайды. Бұл модульдік нәтижесі көп. Атап айтсақ болсам, ой - пікірін ашық, еркін айту, бір-бірінің сабақ барысында қателіктерін айту, жақсы қасиеттерін үйрену, сабақ-білім естерінде көп уақытқа сақталады, сабақ барысында өзі талдайды, бір-біріне талап, өтініш, тілектерін білдіре алады. Топқа бөліп оқығанда оқушылардың талпынысы артады, әр оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талаптанады. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталады. Осы қағидалар негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу - оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан-жақты білім алуына көмектеседі.

Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді төмен түсіретін де - білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдана білу сіз бен біздің үлесіміз.

**Салтанат БАЛИКЕНОВА,**  
Екіаша орта мектебі математика пәнінің мұғалімі.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру барлық үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болғандықтан, еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді орындау мақсатында: балалардың физикалық және психоәлеуметтік саулығын нығайту; балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу; патриоттық, толеранттық, рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру («Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел», «Туған жер» бағдарламасы); балалардың ерте дамуы үшін әлеуметтік дағдылар мен өздігінен үйрену дағдыларын дамыту; балалардың дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамыту; мақсатты түрде балаларды мектепке дайындау;

Аталған міндеттерді білім беру қызметін одан әрі ұйымдастыру барысында: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын; балаларды мектепке сапалы даярлауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды; мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша индикаторлар жүйесін енгізуді атап көрсетті.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімнің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру - бүгінгі күннің басты талабы.

Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің алдында бүлдіршіндерге тәрбие мен білім беруде үлкен жауапкершілік тұр. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын балаға меңгертуде тәрбиеші жаңашыл болуы керек. Тәрбие мен білімнің бастауы, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы - мектепке дейінгі мекемелер. Осы тұста Мұхтар Шаханов ағамыздың мына бір сөзі ойға оралады. «Бала жүрегі кішкентай күйсандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Ұстаздың қолында үнемі сол кілт жүруі керек», - дегендей тәрбиешілер үнемі ізденісте болуы тиіс. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан жаңартылған білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс.

**Г. ТОЛЕГАЛИЕВА,**  
«Балдырған» бөбекжай - бақшасы мектепалды даярлық «Еркетай» тобының тәрбиешісі.

## Спорт – денсаулық кепілі

Спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, шыдамды, шымыр болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәңлі саудың - жалы сау» немесе «бірінші байлық-денсаулық»,- деп бекер айтпаған. Бірақ, осы нақыл сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін сезінбейтін де, мойындамайтын да сынайлымыз.

Салауатты өмір сүрудің, тазалықты сақтаудың белгілі ережелерін білмейтін де жан кемде-кем. Тіпті ол мектеп бағдарламасына да енгізілген. Бірақ оған көпшілігіміз күнделікті өмірде аса мән бермейміз. Неге? Оның басты себебі, өз бойымызда қалыптасып қалған жалқаулық жеңетін күш-жігердің әлсіздігі. Бұл әлсіздікке мойынбас үшін күнде таңертеңгілік уақытта 20-30 минуттай ерте-рек тұрып шама келгенше жүгіріп, секіріп әртүрлі қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасап соңынан салқын сумен шайынды денені шынықтыруға болады ғой. Бірақ көпшілігіміз жас кезімізде бұл мәселеге көңіл бөлмей есейген соң жалқаулықтың құрсауынан босай алмай, жасымызға жетпей қартайып, әртүрлі созылмалы ауруларға шалдығып, қайғы-қасірет пен өлім қорқынышынан қалтырап күн өткіземіз. Денсаулығымыз мықты болу үшін мынадай төрт шартты бұлжытпай орындау қажет. Олар: дене еңбегі, тамақты уақтылы ішуді, уақытты дұрыс пайдалану, шынығу және демала білу. Оның бесінші шарты - бақытты өмір сүру!

Спорт - қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан-жақты дамуын спортсыз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыс пен ауыстырып отыратын жас адамды айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, спорт - барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы - қозғалыс, ал қозғалыстың тіршілік жоқ. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты, зор болмақ. Бірінші байлық - денсаулық, ал сол денсаулықтың кепілі - спорт.

**Матайбек МОЛДАХМЕТОВ,**  
Екіаша орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі.

## Мектептегі тәрбие құралы — музыка

Жасөспірімдегі музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде музыка өнерінің алатын орны ерекше.

Музыка — жасөспірімге дүниені жан-жақты танып-білуге көмектеседі, баланың ойына азық беріп, кеңінен және әдеттен тыс ойлауға үйретеді, халықтың рухани мәдениетіне жақындастыра отырып, патриотизм сезімін тәрбиелеп, адамгершілік және азаматтық белсенділігін оятады. Сөйтіп, осының нәтижесінде қоғам үшін қажетті жеке адамның үйлесімді дамуына жәрдемдеседі.

Өнерді, оның ішінде, атап айтқанда музыканы мектепке «ендіру» процесі бірнеше бағыттар бойынша жүреді. Қоғамның барған сайын өсе түскен мәдени суранысы мен талаптары, мектептің жаңа реформасының қабылдануы мектепте ұлттық өнерді, соның ішінде ұлттық музыка мұрасын меңгерту туралы мәселені қоюды және сол арқылы тәрбиеге нәтижеді ықпал етуге мүмкіндігін тудырады. Музыка тілі — өнердің басқа салаларымен салыстырғанда күрделі тіл. Музыка айтылатын ой мен оқиға сазды дыбыстар арқылы береді, осыған байланысты музыканы қабылдауды оқушылардың бойында қалыптастыру елесті қиындықтар тудырып, жан-жақты ойластыруды қажет етеді. Музыка өнерінің ерекшелігі - адамның жан дүниесіндегі сөз бен тіл жеткізіп алмайтын құбылыстарды, сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудыруында.

Музыка құндылығын сақтау және оны ұрпаққа жеткізу, балаларды ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу, оның жан-жақты дамуына мүмкіншілік жасау - жалпы білім беретін мектептің негізгі мақсаты болып отыр.

Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінде жүргізілетін өнер сабақтары қоғамда болып жатқан құбылысты, жаңа ойды бала санасына басқа сабақтардан бұрын жеткізуші болып табылады. Өйткені өнер-өмір шындығы. Өмір шындығы мектеп табалдырығын аттаған балаға білім беру, тәрбиелеуде жан-жақты қарастырылады. Сондықтан музыка сабағының әдіс-тәсілдері үнемі жылма-жыл өзгеріп, бала тәрбиесі ісіне жаңа нышандар, жаңа бағдарламалар тудырады.

**Гульмира ЗАКЕНОВА,**  
Жетісу орта мектебінің музыка пәні мұғалімі.

## Тәуелсіздік – тірегіміз

Тәуелсіздік - бабалар аңсауы, ұрпақтың сан ғасырлар бойы армандап қолы жеткен ұлы жеңісі. Тәуелсіздік - таңбасы тасқа қашалған, әр бір жүректен орын тепкен киелі сөз.

Еліміздің тәуелсіздік бесігінде тербелгені биыл 30 жыл! Қыстың қаһарына төтеп беріп желтоқсанның 16 жұлдызы күні өз тәуелсіздігімізді әлемге паш еткен күн есімізде мәңгі сақталады. Қазақстан - бай тарихпен, мәдениетпен, өркениетпен, салт-дәстүрдің алтын ұясы. Еліміз егемен, демократиялы, зайырлы, түрлі ұлт пен ұлыс мекендеп отырған киелі шаңырақ. Бүгін де бейбіт де шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге, белестерге ұмтылу - біздің басты мақсатымыз. Бүгінгі балабақшада тәрбиеленуші бүлдіршін, мектеп қабырғасындағы оқушы, арманы асқақ студент - жастарымыз да тәуелсіздігіміздің өркендеуі жолында аянбай тер төгіп, өздерін тәуелсіз елдің өркені екендерін ұмытпау керек.

«Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!» - деп өршіл ақын М.Жұмабаев болашаққа, жастарға мол сенім артты емес пе? Еліміздің ертеңі нұрлы болсын деп, тәуелсіздігіміз ғұмырлы болсын деп еңбек етіп, білім алу керек. Алпауыт елдің қатарына қосылып, терезесі тең ғұмыр кешуге лайым нәсіп етсін! Ел экономикасы мен оң саясатының арқасында сәбилеріміздің ұйқысы тыныш. Халқымыздың берекесі биік болған ел ағаларының арқасы деп түсінемін. Қайрат, Ләззат, Ербол сынды батырлардың желтоқсанда көрсеткен ерліктері әр бір көрініс де, жастың да, баланың да жүрегіне тербетері сөзсіз. Ұрпақтарымыз сол батырлардың ерлігін мақтан етіп, тәуелсіздіктің оңай жолмен келмегендігін ұғынып, жүректерінде патриоттық сезім оянары анық.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.  
Өздеріндегі өр намысты жас өркені білер елдің  
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы! - деп ақын жырлағандай тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз аман болсын!

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы тұғырлы болып, әлемге келген індеттен аман шығайық, ағайын! Тәуелсіздік - халықтың үні, тілі мен діңі. Жасай бер мәңгі - тәуелсіздігіміз!

**Заурехан РЫМБАЕВА,**  
Екіаша орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

## ТӘЛІМГЕРЛІК ҮДЕРІСІ

**Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз.**  
Сенека

Өмірдегі ғаламдық өзгерістер ең алдымен бір кішкентай істен басталады: ағаш отырғызудан, бұлақтың көзін ашудан, жақынға көмектесуден. Ақырында, өзгеріске бет бұратын белсенді істер арқылы қоғамдық өзгерістер өмірге әкеліп бір нақты мақсатқа жетелейді.

Мен қол жеткізген табыс критерийлерін дамыту мақсатында оқу-тәрбие жұмысына желілік қоғамдастықтағы жұмысты жандандыру, коучинг және тәлімгерлік тәсілдерді көптеп ендіру, ынтымақтастық қарым-қатынастың ықпалдылығы, мектептің әлеуметтік жағдайын арттыру, білім сапасына мониторинг жүргізу, жұмыс нәтижесі арқылы ата-ана мен оқушы арасындағы мұғалім мәртебесін көтеруге ықпал ету жұмыстарын жандандыру жоспарланды.

Таңдалған оқу әдістерін мектептің материалдық-техникалық жағдайына бейімдей отырып, барлық ресурстарды пайдалану, мұғалімдердің кәсіби біліктерін арттырудағы шынайылықты қалыптастыруды. Бір сөзбен айтқанда «Білім алу - батылдық, оны толықтыру - даналық, шебер қолдана білу - жетістік» деген қағиданы берік ұстана отырып, мектебіміздің өзгеріс тұрақтылығын сақтап қала аламыз.

**Г.ЕСКЕНДИРОВА,**  
Екіаша орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі.

## «Көңілді сөре» жарысы

Жуырда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Екіаша орта мектебінде «Көңілді сөре» спорттық жарысы өтті. Білім орадасының спорт кешенінде ұйымдастырылып өткен аталған сайысқа 7 мен 9 сынып оқушылары қатысты. Іс-шараның мақсаты — шәкірттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, достық пен бірлікті нығайту, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру болып табылды. Спорттық сайыс келесі кезеңдерден тұрды: «кім жылдам», «бақаша секіру», «паровоз жасау», арқан тарту, секіртпемен секіру.

Тартысты өткен ойын нәтижесі бойынша «Қыран» тобы 1 орынға ие болып, жеңімпаз атанса, 2 — орынды «Сұңқар» тобы иеленді. Жеңімпаз командалар білім орадасының Алғыс хатына ие болып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Т. ЕЛЕУСИЗОВА,**  
Екіаша орта мектебінің денешынықтыру пәнінің мұғалімі.



## Басты қасиеті – ұлтжандылық



Қоғамда санаулы мамандық бар. Әрине, әр мамандықтың өзіндік ерекшелігі мен қиындығы болады. Соның бірі – журналистика саласы.

Осы салада жарты ғасырға жуық тер төгіп жүрген журналист, аудандық газеттің бас редакторы Жомарт Игіманды сонау 1997 жылдың шілде айынан бері танымын. Оның бойындағы туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілік әке қанынан, ана сүтінен дарыған. Оған дау жоқ. Өйткені Жомарттың әр сөзінен, әр қадамынан нағыз ұлттық болмыстың, ұлттық сананың ісі аңқып тұрады. Сол қанына сіңген қасиет оның шығармашылық кредосын айқындап, жүрегінде бұрқылдай қайнап, лапылдаған жалыны жанартаудай атқылап, өлең болып буырқанып шығады. Мен өзім жүрген ортада «Жомарттың тамырында қан емес ән ағатын сияқты» деп әзілдеймін.

Жомарт Мақатұлының жас толқынмен байланысы мықты. Әр ауылда ақындық жолын қуған жас шәкірттері бар. Ардагерлер қозғалысы туралы басылымдарда жеріне жеткізе жариялайды. Тіл мәселесіне келгенде жанашырлық танытып, жан-дүниесімен туған тілдің өрісін кеңейтуге игі ықпалын тигізеді. Өлкетануда ізденгіштігімен айрықшаланып, тұшымды деректер тауып жүреді. Ауданымыздың қасиетті мекендері туралы ой-толғамдарын бір ізге түсірген оның «Саялы төрім-Сарқаным», «Кие қонған, Қыдыр дарыған - Сарқан» атты кітаптары өз оқырмандарын тапты. Дос – жарандар ортасындағы беделі жоғары. Қайырымдылық, мейірімділік шуағы айналасына түседі. Сазгерлік қабілеті бар. Ойы озық, алысты болжап бағдарлайды. Жуырда ардагерлер ұйымы ұйымдастырған «Әже әлді» форумына жазған сценарий көпшілік көңілінен шықты.

Мен осы қасиеттері арасынан шәкірт тәрбиелеудегі әдіс-тәсіліне тоқталғым келеді. Әр мектептердегі сөз сарасы-өлеңге құштар жас өрендер ақын ағасының батасымен облыстық, республикалық мұхаллаққа қатысып жүр.

Жомарттың қарымды қаламынан туатын өзекті мәселенің бірі – жас ұрпақ тәрбиесі. Жастардың нарық жағдайындағы іс-әрекеттері қаламгердің көптеген әңгіме-очерктеріне арқау болған. Кейіпкерімнің еселі еңбегі лайықты бағалануда. Жомарт Мақатұлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Сарқан ауданының Құрметті азаматы, аудандық мәслихаттың депутаты. Міне, ол бүгін сынаптай сырғыған уақыт жалына жармасып, зейнет жасына жетті. Бейнетінің зейнетін көрсін, ұрпағының ортасында аман жүруін Алла нәсіп етсін!

Қадыл ЖАНАСБЕКОВ,

аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы, Сарқан ауданының Құрметті азаматы.

Жағымды жаңалық

## Халықтық театр атағын алды



Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, М. Өуезов атындағы Ұлттық академиялық мемлекеттік театрдың актері Саят Мерекеұлы аудан өнерпаздарының ба-сын қосып, театр ұйымдастырып, көрермендерді жаңа қойылымдарымен қуантып жүрген бола-тын. Жуырда осы өнер ұжымы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Алматы облысы бойынша «Халықтық» атағы бар және жаңадан құрылған театрлар байқау-фестивалінің лауреаты атанып, халықтық театр атағын алды.

Сонымен қатар осы театрдың актрисасы Гаухар Тұралиева облыстық байқау-фестивалінде көрсеткен үздік өнері үшін Дәмен Шаймерденова атындағы жүлдемен марапатталды.

Ж. ЖОМАРТҰЛЫ.

## ХАБАРЛАНДЫРУ \* ОБЪЯВЛЕНИЕ

### Қарабөгет ауылдық округі тұрғындарының назарына

«Сарқан ауданының Қарабөгет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің жергілікті қауымдастық жиыны өтетіні туралы хабарлайды. Күн тәртібінде қарастырылатын мәселелер: 1. Жергілікті қоғамдастық мүшелерін ауыстыру туралы 2. Әр түрлі мәселелер.

2021 жылдың 15 – желтоқсан күні сағат 11-00-де Қарабөгет ауылы әкімінің ғимаратында болатын жиынға шақырамыз.

«Қанат және Ко» ЖШС-не (автобекет) шұғыл түрде диспетчер және кассир қажет. Анықтама үшін телефондар 2-16-50, 8707 7542204.

ТОО «Канат және Ко» (автостанция) срочно требуются диспетчер и кассир. Справки по телефону 2-16-50, 8707 7542204.

Ерлердің, әйелдердің, балалардың, қыздардың қысқы курткаларын 7 мыңнан сатамыз. Ерлер, әйелдер, балалар джинсы, шалбарлары 1000-нан 4 мыңға дейін. Сондай-ақ басқа да көптеген өнімдер сатылады. **Хабарласыңыздар Сарқан қ., орталық базар 2 блок, 1 қабат, 5 бутик.**

Проводим распродажу зимних курток мужских, женских, детских, девчуковых по 7 тысяч. Джинсы, брюки мужские, женские, детские от 1000 до 4 тысяч. А также много другого товара. **Обращаться г. Сарқан, центральный рынок 2 блок, 1 этаж, 5 бутик.**

Открылось наследство после смерти **Касьяненко Олега Борисовича**, умершего 26.08.2021 г. Наследников просим обратиться к нотариусу Алиевой Асем Избасаровне по адресу: город Сарқан, улица Чепрасова, дом 56, возле Казпочты.

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

<p>Күрылтайшысы: Директор - бас редактор ИГИМАН Жомарт Мақатұлы</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117 Телефон: 2-20-47, 2-23-53 e-mail: igiman01@mail.ru</p>	<p>Таралымы: 3172 Осы шығарылымның таралымы: 3172 Газет индексі: 35202,15202 Оффсеттік басылым 1 баспа табақ</p>	<p>Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.</p>
		<p>Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p>	

Газет «Алатау баспа-полиграфиялық корпорациясы» ЖШС филиалы - Сарқан баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.

## Өен туған күн, мерекеңмен!

Сарқан қаласының тұрғыны, адал жар, асқар тау әке, мейірімді ата **Омаров Надырбек Әріпұлы** желтоқсан айының 10 күні 60 жасқа толуымен құттықтаймыз. Әке Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасының амандығын, анамызбен бірге қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беруіңізге тілектеспіз. Абыройыңыз әрдайым асқақтай берсін.

Асыл әке, ардағы ұл-қызының,  
Бәрін болжап жүретін алдағының.  
Қамқорымыз Сіз келіп 60 жасқа,  
Қуантып отырсыз ғой бізді бүгін.  
Жан әке, құтты болсын 60 жасың,  
Біз үшін ардақты ғой алтын басың.  
Немереден көріңіз шөберені,  
Жыр алыбы Жамбылдың көріп жасын!

Ізгі тілекпен: **жұбайы Бақытжан, балалары Серікжан-Жансая, Әсемгүл-Амангелді, немерелері.**



## Исполнительная надпись нотариуса

**В Закон Республики Казахстан «О нотариате» внесены изменения, которые наделят нотариуса правом совершения двух новых действий, одним из которых является совершение исполнительных надписей. Исполнительная надпись представляет собой распоряжение нотариуса о взыскании с должника причитающейся взыскателю денежной суммы или истребования движимого имущества.**

**Для взыскания денег или истребования иного движимого имущества от должника нотариус совершает исполнительную надпись на документе, устанавливающем задолженность, или выдает соответствующее постановление. Обязательным условием для совершения исполнительной надписи на документе, устанавливающем задолженность, является беспорочность права кредитора взыскать причитающуюся с должника обязательство. Иными словами, нужны документы, подтверждающие принятие должником определенных благ и неисполнение им встречных обязанностей.**

В соответствии с главой 14-1 ст. 92-1 Закона Республики Казахстан «О нотариате» нотариусы совершают исполнительную надпись при соблюдении следующих условий:

1. если представленные документы подтверждают беспорочность задолженности или иной ответственности должника перед взыскателем; 2. если со дня возникновения права на иск (заявление) прошло не более трех лет; 3. если для требования, по которому выдается исполнительная надпись, законодательством Республики Казахстан установлен иной срок давности, исполнительная надпись выдается в пределах этого срока.

Перечень требований, по которым взыскание задолженности производится в беспорочном порядке на основании исполнительных надписей, установлен статьей 92-1 Закона Республики Казахстан «О нотариате»: 1) об исполнении обязательства, основанного на нотариально удостоверенной сделке; 2) об исполнении обязательства, основанного на письменной сделке, срок исполнения которой наступил и неисполнение обязательства признается должником, в том числе в ответе на претензию, направленную взыскателю в порядке досудебного урегулирования спора; 3) об исполнении обязательства, основанного на протесте векселя в неплатеже, неакцепте и недатировании акцепта, совершенном нотариусом; 4) об истребовании предмета залога в соответствии с договором залога или законами Республики Казахстан; 5) об обращении взыскания на предмет залога по истечении срока возврата кредита, предъявленного ломбардом к должнику-залогодателю; 6) о взыскании задолженности с собственников помещений (квартир), уклоняющихся от участия в обязательных расходах на содержание общего имущества объекта кондоминиума, утвержденных Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях», за исключением требований о взыскании дополнительных расходов; 7) о взыскании задолженности на основании публичных договоров за фактически потребленные услуги (электро-, газо-, тепло-, водоснабжение и другие), а также иных договоров за услуги согласно установленным тарифам, срок оплаты по которым наступил; 8) о взыскании арендных платежей ввиду их неуплаты в сроки, установленные договором аренды; 9) о взыскании начисленных, но не выплаченных работнику заработной платы и иных платежей.

В соответствии с пунктом 221 Правил совершения нотариальных действий нотариусами заявление взыскатель вправе подать любому нотариусу независимо от места нахождения взыскателя и должника и места исполнения по надписи. Заявление должно содержать фамилию, имя, отчество (при его наличии) взыскателя и должника, их ИИН и место жительства. Если взыскатель и/или должник являются юридическим лицом, в заявлении указывается полное наименование юридического лица, его БИН, адрес местонахождения, банковские реквизиты, а также подтверждает полномочие первого руководителя или его представителя на подписание и подачу заявления.

В заявлении взыскатель также указывает сведения об отсутствии на момент обращения за совершением исполнительной надписи судебного спора с должником об исполнении обязательства и о непогашении задолженности. Подлинность подписи на заявлении физического лица нотариально свидетельствуется. Заявление, представляемое от имени юридического лица, подписывается первым руководителем и главным бухгалтером (при его наличии), скрепляется печатью юридического лица. Должник вправе в течение десяти рабочих дней со дня получения копии исполнительной надписи или соответствующего постановления направить нотариусу, совершившему исполнительную надпись или вынесшему соответствующее постановление, возражения против заявленного требования в письменном виде с уведомлением. Возражение должника должно содержать причины несогласия с заявленным требованием. В соответствии со статьей 92-5 Закона РК «О нотариате» исполнительная надпись может быть предъявлена к принудительному исполнению в течение трех лет со дня ее совершения, если законодательством не установлены иные сроки. Восстановление пропущенного срока для предъявления исполнительной надписи производится в соответствии с гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан. Исполнительная надпись имеет силу исполнительного документа, и взыскание по ней производится в соответствии с требованиями законодательства об исполнительном производстве. Преимущество данного способа взыскания задолженности является: - экономия денежных средств; - кратчайшие сроки совершения нотариального действия, по сравнению с рассмотрением дела в суде. Таким образом, исполнительная надпись нотариуса, как новый вид нотариального действия, упрощает порядок действий, направленных на защиту прав и законных интересов граждан и юридических лиц.

**А. КАМЗОЛДАНОВА,**  
нотариус Сарканского района.

## Моя Родина – Казахстан

Родина – самое важное и дорогое слово. Это место где я родилась, живут мои родители и друзья.

16 декабря 1991 года наша Родина – Казахстан – стала свободной и независимой страной. В Казахстане дружно живут люди разных национальностей. Каждый народ имеет свой язык, свою культуру. Из поколения в поколение передаются традиции и обряды. Но всех их объединяет желание жить в мире и согласии. У нас одна Родина – Независимый Казахстан.

**Самал БАЗАРБЕКҚЫЗЫ,**  
ученица 4-го класса СШ Карауылтобе.  
Учитель русского языка С.Н. Жексембекова.

## ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ 24-ІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ.